



ПАВЛОДАРДЫҢ ӘКІМІ
«АҚ ЖОЛДЫҢ» СЫНЫНАН
СОҢ ҚЫЗМЕТІНЕН КЕТТІ

4-бет



ДИМАШ –
ҚҰДАЙ БЕРГЕН
ҚҰДІРЕТ!

6-бет



КОЛОНИЗАЦИЯ
СОЗНАНИЯ

13-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№26-27 (844-845), 8 шілде, 2019



ЗАМАНЫНАН ОЗЫП ТУҒАН

Сағат Әшімбаев
туралы сыр

...Орыс әдебиетінің бағына туған Писарев секілді құйрықты жұлдыздай жарқырап жанып, ағып түскен жарықтарымыздың бірі – қазақ мәдениеті мен әдебиетінің дамуына, ұлттық сананың өсуіне үлкен үлес қосып кеткен асылдардың бірі – Сағат Әшімбаев болатын.

10-11
бет

ХАЛЫҚТАН... ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ!?.

КЕШІРІМ СҰРАМАҚ ТҮГІЛІ ОРНЫН БОСАТУЫ ТИІС!

2
бет



О заманда, бұ заман атамзаманнан Арыстың іргесінен аулаққа әкетілмей жатқан қоймалардағы әскери қару-жарақ әскерилердің жауапсыздығынан жарылып кеткен адам айтқысыз алапат апатты «табиғаттың ісі» деп Құдайға аударып салған министрді кім көрген?! Балаларын арқалап, қырға жалаңаяқ, жалаңбас жаяу қашқан аналар, әке-шешесінен айырылып қап шырылдаған балалар, жауып жатқан оқтан қашамын деп шаршап-шалдыққан шал-кемпірлердің күйзелісі мен үш адамның өлімі сонда қорғаныс министріне шыбын шаққан ғұрлы әсер етпей тұр ғой.



ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИТОРЛАР НЕГЕ ЕШКІМНЕН ИМЕНБЕЙДІ?

Атырау облысындағы «Теңіз» кен орнындағы шетелдік және жергілікті жұмысшылар арасындағы қақтығыс ондағы басшылардың ойына келгенін істегендіктен, орын алған оқиға екенін анық көрсетіп отыр. Шектен шыққан шетелдік компания басшылары Қазақстанның еңбек туралы заңына пысықырып та қарамай, жұмыс уақыты мен жалақыны өз қалауларына белгілеп келген. Ал бұған қарсы келгендерді жұмыстан қудалауды әдетке айналдырып алған. Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев «Теңіз» вахталық қалашығына барып, ТШО басшылығымен жиналыс өткізді.

3
бет



АРЫСТАҒЫ АЛҒАШҚЫ АПАТТЫ СӨНДІРГЕН ИСЛАМ ӘБІШЕВТІ ЕЛІ ІЗДЕУДЕ

...2009 жылдың 18-19 наурызы. Кешкі сағат 20:30 шамасында сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Ислам Әбішевтің кабинетінде, екеуіміз бір газеттегі мақаланы талқылап отырғанбыз. «Арыста арсеналда жарылыс болды» деген хабар тиді. Исекең бірден Арысқа жүретін болды-дағы, мен де бірге ілестім...

5
бет



БАКЫТЖАН САГИНТАЕВ:

НОВЫЙ ПОДХОД К ПРОБЛЕМАМ АЛМАТЫ



Одним из наиболее обсуждаемых событий этого лета было назначение 28 июня 2019 г. новым акимом Алматы Бакытжана Сагинтаева, ранее занимавшего должность руководителя Администрации президента. Он работал в должности главы администрации с 24 марта 2019 г. С сентября 2016 по февраль 2019 г. занимал пост премьер-министра Казахстана.

12
бет

СЕНАТ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТКЕ ТҮЗЕТУЛЕРДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Парламент Сенатының жалпы отырысында палата депутаттары «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтыруар енгізу туралы» Заңын қабылдады.

«Заң жобасы 2019 жылға арналған елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін сақтауды ескере отырып қалыптастырылды. Республикалық бюджеттің негізгі параметрлері өзгеріссіз қалады. Президенттің тапсырмаларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз ету тікелей инвестициялар қорын құруға көзделген қаражаттың бір бөлігін қайта бөлу есебінен жүзеге асырылатын болады», — деді ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары-қаржы министрі Әлихан Смайылов. Бюджеттің шығыс бөлігін нақтылау үш бағыт бойынша жүзеге асырылды. Біріншіден, халықтың тұтынушылық кредиттері бойынша борыш жүктемесін азайту ескерілген.



Өмірлік қиын жағдайда қалған азаматтар санатына жатқызылған әрбір қарыз алушы үшін тікелей және атаулы қаржылық көмек ретінде мемлекет 300 мың теңгеге дейінгі жалпы мөлшерде негізгі борышты және ол бойынша есептелген сыйақыны өтейді. Осы мақсаттарға жоба 89,2 млрд. теңге сомасында шығыстарды қарастырып отыр. Екінші бағыт — жұмыспен қамту, аз қамтылған, көпбалалы отбасылар мен жастарды қолдау бойынша, пәрменді шараларды кенейту

және күшейтуді қамтып отыр. Бұл мақсаттарға 138,6 млрд. теңге бөлінді. Үшінші бағыт бойынша, жобада Үкімет резервін 72,2 млрд. теңгеге ұлғайту ұсынылады. Аталған қаражаттың бір бөлігі Арыс қаласындағы төтенше жағдайдың салдарларын жоюға жұмсалмақ. Бұдан басқа, 35,9 млрд. теңге қаражатты ішкі қайта бөлу есебінен шұғыл шешуді қажет ететін міндеттемелерді қаржыландыру іске асырылады.

СЫРТҚЫ ҚАРЫЗДЫҢ МӘН-ЖАЙЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Үкімет басшысының бірінші орынбасары — қаржы министрі Әлихан Смайылов сыртқы қарыздың қалай жинақталғанын түсіндірді.

«Жалпы, сыртқы қарызымыз 160 миллиард долларға таяп қалды. Бірақ өткен жылдың қорытындысы бойынша 8,4 миллиард долларға қысқарды», — деді Смайылов. Министрдің айтуынша, сыртқы қарыздың ішінде мемлекеттік сектордың үлесі 35 миллиард долларды құрайды. Бұл барлық борыштың — 22 пайызы.

«Қалғаны — жекеменшік сектордың қарызы. Оның көлемі — 123 миллиард доллар немесе 78 процент. Соның ішінде 100 мил-

лиардтан астамы — фирмааралық борыш. Ол дегеніміз, тікелей инвестициямен байланысты. Ондайда басқа мемлекеттердегі компаниялар өзінің еншілес компаниясына ақша береді, ол инвестиция болып саналады. Бірақ дәл сол ақша біздің төлем балансымызда борыш ретінде көрсетіледі», — деп атап көрсетті Смайылов.

Оның сөзіне қарағанда, Қазақстанға салынған тікелей инвестициялардың борыш ретінде көрсетілгені проблема емес. Сол инвестициялардың көп болғаны дұрыс. Себебі жана жобалар қолға алынады, қосымша жұмыс орындары ашылады, бюджетке салық төленеді.

«Ал Қытайдың алдында

мемлекеттің борышы жоқ, тек жеке сектордың қарызы бар. Оның көлемі — 11,6 миллиард доллар. Соның жартысы — 5,1 миллиард доллар фирмааралық борыш, яғни Қытайдың Қазақстанға салған инвестициялары. Банк секторының борышы — 1,6 миллиард доллар, ал басқа секторлар — 4,9 миллиард доллар», — деді Смайылов.

Қандай да қарыз қамыты мойынды қажайтыны белгілі. Ешқандай ел, ешқандай халықаралық қаржы ұйымы ақшаны мемлекеттің кепілдігінсіз ешкімге соқыр тиын да ақша бермейтінін бес жасар бала да біледі. Сондықтан сыртқы қарызды азайтып көрсетуден ешқандай жеңілдік болмайтынын ескергеніміз жөн.

АРЫСТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ АРНАЛҒАН ҚАРЖЫ НАҚТЫЛАНДЫ

Парламент Сенатының жалпы отырысында Арыс қаласындағы нысандарды қалпына келтіруге қанша қаржы бөлінетіні белгілі болды.

Жалпы отырыс барысында сенатор Әлибектаев Үкімет резервін 72,2 млрд. теңгеге ұлғайту ескеріліп отырғанын айта келе, осы қаржының қай бөлігі Арыстағы төтенше жағдай салдарын жоюға жұмсалатынын сұрады. ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары-Қаржы министрі Әлихан Смайылов Арыс қаласына қажетті қаржы бойынша алдын ала есептеулер жүргізілгенін атап өтті. «Арыс қаласы бойынша 1 шілдедегі алдын ала есептеулерге сәйкес, 34,5 млрд. теңге керек. Соның ішінде, әрбір тұрғынға 100 мың теңге мөлшерінде ақшалай өтемақы төлеу үшін 4,5 млрд. теңге ескерілген. Осы орайда, Үкімет резервінен 2 млрд. теңге, Түркістан облысы бюджетінен 1 млрд. теңге және қайырымдылық көмек есебінен 1,5 млрд. теңге қамтылған», — деді министр. Оның сөзіне қарағанда, 7 709 тұрғын үйді қалпына келтіру қарастырылған.

КІРІСТЕРІН ЖАСЫРҒАНДАР АНЫҚТАЛДЫ

Еліміздегі жүздеген ресторанның қызметкерлерінің санын жасырып, касса аппараттарын қолданбай немесе фискалдық чекті айына бір рет қана шығарып, өз кірісін көрсетпегендігі анықталды.

Мемлекет шағын кәсіпкерлік субъектілерін фискалды қолдау шараларын жалғастырып келе жатқанына қарамастан, еліміздің мейрамханалары өздерінің кірісін жасыруды жалғастыруда. Бақылаудың алдын ала нәтижесіне сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласынан 164 мейрамхана, 37 салық төлеуші салық есебінде өз кірісін көрсетпеген, 31 мейрамхананың жалдамалы қызметкерлері жоқ және 41 мейрамхана жалдамалы қызметкерлер санын 1-5 аралығында ғана деп көрсеткен. Осыған ұқсас жағдай, Алматы қаласында да орын алған. Яғни, 275 мейрамханада 95 салық төлеуші салық есебінде өз кірісін жасырған. Шымкент қаласының 85 мейрамханасы бойынша, өз кірістерін көрсетпейтін 17 салық төлеуші анықталды. Одан басқа, қаланың 23 мейрамханасында бақылау - касса машиналары жоқ. Бұл ретте Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында аталған саладағы салық төлеушілердің 18 пайызы 2018 жылғы декларациясында жылына 1 млн. теңгеге дейін немесе күніне 3 000 теңге мөлшерінде ғана кіріс көрсеткен. Салық міндеттемелерін толық көлемде орындамайтын барлық салық төлеушілерге заңбұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданды. Осындай талдау басқа облыстар да жүргізілуде.

Қазыбек ИСА:

ХАЛЫҚТАН... ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ?!

Кешірім сұрамақ түгілі орнын босатуы тиіс!

«Бізде бәрі де бола береді» деген мақалымды мақамдатып көп айтушы едім... Сол бекер болған сияқты... «Жындының сандырағы келеді» деген рас болды... Арыстағы төрткүл дүниені дүр сілкіндірген төртінші жарылыстың дауысы басқа-басқа, осы апатқа тікелей жауапты Қорғаныс министріні ұйқыдан оята алмапты...

Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекебаев «Арыстағы апат үшін Қорғаныс министрлігінің кешірім сұрауына негіз жоқ. Бұл қару-жарақтардың жарылуы табиғи құбылыс», — деп соғыпты.. Үш адамның өмірін қиған, жүздеген адам жараланған, ал Арыс қаласының үйлері қирап, адамдары түгел көшірілген алапат апатқа кешірім сұрамаған Қорғаныс министрі кімге керек? Өзге, өзін-өзі сыйлайтын дамыған елдерде мұндай оқиғаның жүзден бірі болғанның өзінде қорғаныс министрі өз еркімен отставкаға кетеді.

О заманда, бұ заман атам-заманнан Арыстың іргесінен аулаққа әкетілмей жатқан қоймалардағы әскери қару-жарақ әскерилердің жауапсыздығынан жарылып кеткен адам айтқысыз алапат апатты «табиғаттың ісі» деп Құдайға аудара салған министрді кім көрген?! Балаларын арқалап, қырға жалаңаяқ, жалаңбас жаяу қашқан аналар, әке-шешесінен айырылып қап шырылдаған балалар, жауып жатқан оқтан қашамын деп шаршап-шалдыққан шалкемпірлердің күйзелісі мен үш адамның өлімі сонда қорғаныс министріне шыбын шаққан ғұрлы әсер етпей тұр ғой. Сол бомбадан қашқан халық ар жағы сонау Жетісайға, Шардараға дейін, Ермекебаевтың туған жері Келеске дейін барып паналағанын біле ме екен бұл министр?

Қазақстанның Қорғаныс министрі халықтан кешірім сұрау үшін енді қандай жарылыс, қанша адам қаза табуы керек?!



Ермекебаев мырзаның халықтан кешірім сұраудың орнына халықтан қашқан мына тірлігіне, мынадай маскара сөзіне қарағанда бұл мырза Халықтан қорғаныс министрі болып істейтін болуы керек...

Кешірім сұрау, орнынан кету былай тұрсын, Арысқа — қалың қазақтың ішіне барып, ашынып отырған халықты одан сайын күйдіріп Ресей тілінде сөйлеген министр Ермекебаевты жауапқа тарту керек деп жатқандар толып жатыр....

Ана жылы Иманғали Тасмағамбетов Қорғаныс министрі болғанда мен бір-ақ сөйлемнен тұратын мақала жаздым. Имененнің үлкен суретін бастым да: «ЕНДІ ТЫНЫШ ҰЙЫҚТАП, АЛАҢСЫЗ ОЯНАТЫН БОЛДЫМ!» — дедім.

Енді Қорғаныс министрі Ермекебаевтың ермекке айта салған мына қорқынышты сөзінен кейін де, бір-ақ сөйлеммен сөзімді аяқтаймын: — ЕНДІ ҚАЛАЙ ТЫНЫШ ҰЙЫҚТАЙМЫЗ?!

qazaquni.kz

«БЕКЗАТ» ФИЛЬМІ ЭКРАНҒА ШЫҚТЫ

«Хабар» агенттігінің тапсырысымен шығарылған «Бекзат» көркем фильмінің жабық көрсетілімі өтті. Картина Сидней Олимпиадасының чемпионы марқұм Бекзат Саттархановтың өмірі мен спорттағы жетістігі туралы түсірілген.

Шараға ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев, ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, журналистер мен блогерлер, спортшылар мен өнер иелері,

сондай-ақ актерлер құрамы қатысты. Бекзат Саттархановтың ата-анасы бұл көрсетілімге арнайы Түркістаннан келді. «20 жас ғұмырында қолынан келгенінше, еліне барлық күш-жігерін беріп кетті. Бекзатқа қандай марапат, қандай кино шығарса да артық болмас. Бекзатты бүгінгі жастарға үлгі етсе, оның имандылығы, үлкенді сыйлауы, қазақылығы, бірбеттілігі, алға қойған мақсатын орындайтын мінезі қазіргі қазақ жастарына керек», — дейді Бекзат Саттархановтың әкесі Сейілхан Саттарханов.

БАРЫМТАШЫЛАР БҰҒАУЛАНДЫ

Қызылорда облысында 350-ге жуық мал ұрлығына қатысы бар деген құдікпен 36 адам ұсталды. Олардың 339 қылмысқа қатысы барлығы анықталып отыр.

Биылғы төрт айда Қызылорда облысында 159 мал ұрлығы тіркелген. 2018 жылы 220 қылмыс анықталған болатын. Биыл әсіресе, ауыр қылмыстар саны артқан. Былтыр олардың саны бесеу болса, биыл 16 де-

рек тіркелді. Жыл басынан бері 339 мал ұрланған. Олардың небәрі 117-і табылып, иелеріне қайтарылған. Қызылорда облысы Полиция департаментінің криминалдық полиция басқармасы мал ұрлығын жасаған 36 адамды қолға түсірді. Олардың 339 қылмыс жасағаны дәлелденіп отыр. Талдауға сәйкес 65% жағдайда, мал еркін жайылымнан, ал қалған 35 пайызында ауладан және қоралардан ұрланған.

Атырау облысындағы «Теңіз» кен орнындағы шетелдік және жергілікті жұмысшылар арасындағы қақтығыс ондағы басшылардың ойына келгенін істегендіктен орын алған оқиға екенін анық көрсетіп отыр. Шектен шыққан шетелдік компания басшылары Қазақстанның еңбек туралы заңына пысықырып та қарамай, жұмыс уақыты мен жалақыны өз қалауларына белгілеп келген. Ал бұған қарсы келгендерді жұмыстан қудалауды әдетке айналдырып алған. Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев «Теңіз» вахталық қалашығына барып, ТШО басшылығымен жиналыс өткізді. Сонымен қатар, «Consolidated Contracting Engineering & Procurement S.A.L. Offshore (CCERP)» компаниясының жұмысшыларымен кездесіп барлық жағдайды өз көзімен көріп қайтты.

Бұл мәселе Атырау облысы билігі мен шетелдік компаниялар өкілдерінің кездесуінде өткір көтерілді деуге болады, ал оның алдағы уақытта қандай нәтиже берері белгісіз. Тараптар кездесуінде белгілі болғандай, «Теңіз» кен орнындағы отандық жұмысшылар мереке, демалыс күндері жұмысқа шыққанмен, үстеме ақы кешіктірілген немесе мүлдем берілмеген. Ал, ондағы күзет фирмасының қызметкерлері тікелей өз міндеттерін атқарудың орнына, өз құқықтарын қорғап, басшылыққа қарсы шығып түрлі талап қойған жұмысшыларды қорқытып-үркітумен, түрлі қитұрқы айла-шарғы көрсетумен айналысқаны айтылды.

— «Теңіз» жобасында мердігер мекемелердің бірінің басшысы күн сайынғы жұмыс күнін өз бетімен 4 сағатқа көбейткен, ұжымның наразылығы мен еңбек инспекциясына шағымдануынан кейін жағдай қалыпқа келді. Жұмыс беруші қандай да бір себеп тауып, жұмыстан шығарып жіберетінін айтып қорқытады. Шағым айтқан жұмысшыдан құтылудың түрлі құйтырқы әрекеттерін жасаған деректер де бар. Бұл әрине, адамды ашындыратын, тіпті дау-жанжалға әкелетін жағдай. Сіздердің міндеттеріңіз — осындай жағдайлардың алдын алу. Яғни, «Теңізшевройл» мен оған қарасты жүздеген мердігер мекемелер әбден қалыптасып қалған осындай жайттарды жойып, жағдайды түбегейлі өзгертуге күш салуы қажет» — деді орын алған қақтығысқа байланысты аймақтағы барлық шетелдік компания басшыларын жинаған отырыста облыс әкімі Нұрлан Ноғаев. Әйтпесе, әңгіме басқаша болмақ дейді аймақ басшысы. «Мен сіздердің алдарыңызға Еңбек кодексінің, еліміздегі барлық заңдардың, соның ішінде көші-қон заңнамасының бұзылуына жол бермеу міндетін қоямын. Адал, қолайлы жағдай ешкімді аламай, барлық жұмысшыларға бірдей жасалуы керек. Біз өз тарапымыздан сіздердің бастамаларыңызды күтіп отырмаймыз. Егер жағдайды өз еріктеріңізбен өзгерткілеріңіз келмесе, заңға сәйкес әрекет етуге күшіміз жетеді», — деп қатал талап қойды.

«Теңізшевройл» ЖШС бас директоры Имер Боннер өз кезегінде компания жағдайды реттеуге және болашақта осындай тұрмыстық кикілжіндердің алдын алуға бар күшін салатынына сендірді. «Біз жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарына жағдайды тез реттеуге көмектескендері үшін разымыз. ССЕР компаниясына, басқа да мердігер мекемелермен осы жағдайларға байланысты жұмыстарды жедел түрде жүргіземіз», — деді Имер Боннер.

Орын алған оқиғаны қатардағы жай ғана тұрмыстық негіздегі қақтығыс деп қарауға болмайды. Осыны түсінген облыс әкімі қолда бар құқығын кеңінен пайдаланып, іске асыруды көздеген сынайлы. «Біз ведомстволық комиссия құрдық, оған облыс әкімінің бірінші



ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИТОРЛАР НЕГЕ ЕШКІМНЕН ИМЕНБЕЙДІ?

орынбасары жетекшілік етеді. Комиссия бірдей еңбек жағдайын қамтамасыз ету мәселесімен айналысады. Сіздер комиссия құрамына өз өкілдеріңізді қоса аласыздар, әріптестерім телефон нөмірлерін қалдырады, жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстарыңызды беріңіздер. Сіздердің жұмыс кестелеріңізде ешқандай өзгеріс болмайды, жұмыс қалыпты режимде жалғасады», — деді Нұрлан Ноғаев.

Ал, шетелдіктер мұндай сәтте қалай қимылдау керектігін бірден байқатты. Жергілікті жұмысшылардан таяқ жеген азаматтарының хал-жағдайын білу үшін Атырауға үш елдің бірдей елшісі лезде-ақ жетіп келді. Палестина Мемлекеті мен Иордания Корольдігінің және Ливан Республикасының Қазақстандағы елшілері болған жайттың достық қарым-қатынасқа сызат түсірмейтіндігін жергілікті басшыларға сыпайылап жеткізгенмен, өз азаматтарының құқығын қалай да қорғайтындықтарын анық көрсетті. Осындайда, өз азаматтарының сойылын сорып шыға келетін оларға қарап еріксіз қызығасыз. Біздің елшілер неге осылай қимылдамайды? Шетелде таяқ жеген, түрлі қысымға түскен азаматтарымызды неге осылай қолдамайды? Ата-аналары, туыстары Сыртқы істер министрлігіне қайта-қайта арыздалғанда ғана орнынан әзер қозғалатын біздің шетелдегі елшілеріміз сонда ол жақта немен айналысып жүр? Жоғары айлық алып, шетелде демалып жатсын деп жібердік пе оларды?

Айта кетейік, Теңіз кен орнындағы шетелдік және қазақстандық жұмысшылардың қақтығысы кезінде жаракат алған 45 адамның 20-дан астамы дәрігерлердің көмегіне жүгінген. Олардың төртеуі қазақстандық.

Қақтығысқа ливандық Эли Даудтың әлеуметтік желіге жүктеген суреті себеп болғандығын білесіздер. Бұл сыныққа айтар сылтау ғана екені онсыз да белгілі. Оны Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаевтың шетелдік компания басшыларымен өткізген жиынында айтылған сөзінен-ақ анық аңғаруға болады. Негізгі басты

себеп — өндірістегі әділетсіздік, жұмысшылардың еңбегін қанау, тұрмыстық нашар жағдай екені бұрыннан белгілі болып келген-ді. Көптеген келенсіздіктер дер кезінде түзетілмеген соң жағдай ушығып, ақыры осы жанжалға алып келді.

Бұл оқиғаға байланысты қандай нақты шаралар қолданылды? Атырау облысындағы «Теңіз» кен орнында болған отандық және шетелдік жұмысшылардың арасындағы қақтығысқа қатысқандардың алды ұстала бастады. Әсіресе, басты күдікті қазір біздің тегеурінді тергеушілерге жауап беріп жатқан көрінеді. Өзгеге шамасы келмесе де, өзімізге келгенде біздің құқық қорғау орындары қаһарына мініп алатынын көріп жүрміз. «Өзіндікі өзекке тепкілесен де өлмейдінің» кері ғой баяғы. «Қазақстан азаматтары бар. Тергеу жүріп жатыр. Қанша адам қазір жауапқа тартылды, оны дәп қазір ашық айта алмаймын», — деді ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев журналистерге берген сұқбатында. Министрдің айтуынша, қылмыстық іс дене жаракатын салу және бұзақылық бабы бойынша қозғалған. Әрбір қылмыс құрамы бойынша, қатысушылар әлі де анықталуда, сондықтан да олардың саны көбеюі мүмкін. Сондай-ақ, министр Тұрғымбаев айыпталушылардың қылмысқа қаншалықты қатысы барына байланысты істің әртүрлі дәрежеге бөлінетінін де айтты. Ал, толқудан соң елдеріне кеткен иорданиялықтарды Амман қаласындағы Әлия Патшайым атындағы Халықаралық әуежайдан елдің лауазымды тұлғалары мен туған-туыстары күтіп алыпты. Осы елдің сыртқы істер министрі Айман Сафадидін айтуынша, елге оралған 107 Иордания азаматының 41-і жұмыстан шығарылмаған. «Теңіздегі» жергілікті жұмысшылардан зардап шектік деген олардың кейбірі, Қазақстанға енді мүлде аяқ баспайтынын айтыпты. Қақтығысқа ливандық Эли Даудтың әлеуметтік желіге жүктеген суреті себеп болғандығын олар да толығымен растап отыр.

«Бұл проблема еңбек жағдайларының әр түрлі болуынан туындап отыр, «ТШО» мен мердігер мекемелердің басшылықтары

мәселені жүйелі түрде шешулері керек. Біз өз тарапымыздан барлық қолдауды көрсетеміз. Инвесторлар түсінулері тиіс — біздің еліміздің аумағында жұмыс істей отырып, заңнаманы және ешкімнің арнамысына тимейтін, моральдық-этикалық нормаларды сақтаулары қажет. Жақын арада жобаның барлық қатысушыларымен тағы да кездесу өткіземіз, барлық компаниялардың бірінші басшылары шақырылады, осы мәселені шешеміз. Бастысы, еңбек жағдайлары бәріне бірдей болуы керек» — деген әкім сөзіне риза боласыз.

Нұрлан Ноғаевтың сөзінің жаны бар. Негізгі мәселе осында жатыр. Және бұл бір ғана «ТШО» компаниясына қатысты емес. Біздегі шетелдік кәсіпорындар Қазақстанның заңдарына құлағына да қыстырмайтынын бұрыннан білеміз. Шетелдік компаниялардың ішінде өзгелерге қарағанда ашық жұмыс істеп жатқан осы «Теңізшевройл» десек қателеспейміз. Жыл сайын БАҚ өкілдерін жинап алып өндірістік және жұмысшыларының жағдайы туралы есеп беріп отырады. Соның өзінде міне осындай жағдайға тап болып отыр. Ал, өзгелері туралы не айтуға болады? Мысалы, миллиардер үндіс иелігіндегі атышулы «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорнын алайықшы. Өндірістегі апаттық жағдайы жағынан бірінші орынды ешкімге бермей келе жатқан бұл кәсіпорындағы шахталарда жүздеген кеншілер қара жерге тірідей көмілді. Өндірістегі құрал-жабдықтарды жанартудың орнына тек қана пайда табудың ғана айналысқан Миттал миз бақпайды. Мардымсыз жалақының өзін уақытында бермей жұмысшыларын шулатып жүргені жұртшылыққа белгілі. Ауыр тұрмыстық жағдайдан бір жұмысшы кәсіпорынның кеңсесіне кіріп өзін-өзі өртегеніне де куә болдық. Министр, облыс әкімі сияқты лауазымдыларыңды ол адам деп есептемейді. Лондонның төрінде жатып алып қазақ жерінің байлығын сорып жатыр. Тіпті, бір кезде осы кәсіпорынды қолына ұстатқан бұрынғы президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Теміртаулық металлургияның артында мен тұрмын!» деген ескертуін де

елеген емес. «Тұрсаң қайтейін!» дегендей өз білгенін істеп жатыр. Оған Елбасы да ештеңе дей алмайды. Неге? Әлде миллиардер Миттал президентіміз бен қазақ халқына бірденесін өткізіп қойып па еді? Жок, керісінше, біздің арқамызда байып жатқан жоқ па? Сонда ол қалайша еркінсіп кеткен?

Тағы бір мысал, Ақтөбе өңіріндегі мұнай компанияларының басым бөлігі қытайлардікі екені жалпыға мәлім. Мұндағы жағдай, өзгелерден асып кетпесе кем түспейді. Бұл жерде де жергілікті жұмысшыларды кемсіту, өздерінің қызметкерлеріне қарағанда, мүлдем мардымсыз жалақы беру Қазақстанға келген бірінші күннен бастап заңдастырылып қойылған. Мәселен, қытай басқаратын бір мұнай кенішіндегі серіктестік директорының айына алатын жалақысы 3 миллион теңгеден жоғары, оның қытайлық орынбасары қолына таза 2 миллион 200 мың теңге алады екен. Ал сол жерде істейтін 15 қазақтың жалақысы жаңағы орынбасардың айлығына жетпейді. Оның үстіне кезкелген қарсы талап қойғандарды оп-оңай жұмыстан қуып жібере салады.

Ақтөбе аймағына басшы болып келген Бердібек Сапарбаев қытайлықтарға кіжініп, үстелді тоқпақтағанмен ештеңе бітіре алмады. Басында қатты кіріскенмен арыны тез басылды. Қытайлықтарды тәртіпке саламын деп өз басына тоқпақ тауып алған секілді. Жоғарыдан сілтенген шоқпардың соққысы оны да есенгіретіп тастады. Сол тоқпақ кімнің қолында тұр? Неге біздің үкімет өз жерінде отырған өз азаматтарының құқығын қорғайды? Өз қазағын өзгелерге құл қылып қойғаны оларды ойландырмай ма? Шетелдік инвесторлардың алдында неге құрдай жорғалаймыз? Қайта олар біздің алдымызда иіліп сәлем салып, именіп тұруы керек емес пе? Біз бұл жерде шетелдік инвесторлардың бір-екеуін ғана мысалға келтіріп отырмыз. Өзгелері де жетістіріп жатқан жоқ.

Сонымен басты тақырыптағы сұрағымызға қайта оралайық. Шетелдік инвесторлар неге ешкімнен именбейді? Бұған біздің билік қана жауап бере алады. Бірақ олар халық алдында есеп беріп үйренбеген, нені болса да, құпия ұстағанды жөн көреді, сондықтан, ешқандай жауап болмасы анық. «Шетелдіктерді еркінсітіп жіберген биліктің бір былығы болуы мүмкін. Пара алу немесе осы кәсіпорында өздерінің жеке үлесі бар дегендей...», — дейді қарапайым көпшілік. Әрине, бұл тек қана күдік, оны тексеріп дәлелдеу қажет. Екінші, билік оларды бақылауға қауқарсыз, біліктілігі жетіспейді. Үшінші, өз халқына, өз ұлтына деген жанашырлықтың жоқтығы. Демек өз үйіне өзі ие бола алмай отыр деген сөз. Қазақ мұндайды «Жаман үйдің иесін қонағы билейді» деген екен. Данышпан ата-бабаларымыз қалай ғана дәл тауып айтқан десеніңізші...

АРЫС АПАТЫ ФОРС-МАЖОР ДЕП МОЙЫНДАЛЫП, БАНКТЕР КРЕДИТТІК ТӨЛЕМДЕРІН ТОҚТАТУҒА МІНДЕТТІ

«АҚ ЖОЛ» ҮКІМЕТКЕ ХАТ ЖАЗДЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ А.Ұ.МАМИНГЕ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ТӨРАФАСЫ Е.А.ДОСАЕВҚА



Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!
Құрметті Ерболат Асқарбекұлы!

2019 жылдың 26-27 маусым күндері бірқатар ҚР Парламент Мәжілісі депутаттары және «Ақ жол» партиясының басшылары Түркістан облысына барып, Арыс қаласының жағдайымен танысып, тұрғындарымен кездесті.

Эвакуацияға шығарылған тұрғындармен әңгіме барысында, Үкімет және Республиканың Ұлттық банкі деңгейінде шешілуі тиіс бірнеше жүйелі мәселелер (қала ішінде қару-жарак қоймасын жою қажеттігінен бөлек) көтерілді.

1. Тұрғындардың айтуынша, апат барысында тұрғындарды құлақтандыру және дабыл қағу жүйесі тиісті сәтте қосылмаған.

Дабыл қала көшелерінде жарылыс болып, снарядтар құлағаннан кейін, яғни, аумаққа қауіп төнгені белгілі болғанда ғана қосылыпты. Мұндай қауіп туралы жаппай хабарлама қоймада өрт басталған сәттен-ақ айтылу керек-ті.

Бізбен тілдесушілердің айтуынша, олар қаладан шыққанға дейін не телерадио хабарлама, не дауыс зорайтқыш, не смс, не уәкілетті органдар арқылы ешқандай эвакуация нұсқаулығын алмаған. Қаладан шыққан бос орындары бар автокөліктер сәби көтерген аналардың өтінішіне қарамай, оларды қауіпті жағдайда қалдырған, т.б.

«Азаматтық қорғаныс туралы» заң жобасына қатысушы депутат ретінде зардап шеккендер жөніндегі ақпараттар аталған заңның көптеген нормаларының және азаматтардың қауыспіздігін қамтамасыз ететін басқа да бірқатар талаптардың орындалмағанын көрсетеді деп есептеймін.

Мұндай уәкілетті органдардың жауапсыздығы және де басқа фактілер бойынша, жан-жақты тексеріс жүргізіліп, олардың әрекеттеріне тиісті бағасы беріле жатар деген ойдамыз.

Дегенмен де, әңгімелескендердің барлығы облыс жетекшілерінің қаланы эвакуациялау туралы шешімі мен мемлекеттік органдардың балалар мекемелерін қаладан шығару жөніндегі шұғыл әрі нық қимылдары үшін ерекше алғыс айтады.

Сонымен қатар, апатты тоқтатқан кезде өз өмірлерін қауіпке тіккен өрт сөндірушілер мен саперлердің ерлігі мен кәсібилігіне бас иеді. Аталмыш қаһармандардың ерлігі мемлекеттік марапатқа ұсынылуға әбден лайық деп есептейміз.

Дегенмен, егер де қоймалар қауіпсіз жерде орналасса, тұрғындардың өміріне қауіп төнбесе мұндай құрбандықтың қажеті де болмас еді. Бұл біздің отандастарымыздың ерлігіне ешбір көлеңке түсірмейді, тек, дер кезіндегі ұйымдастыру шаралары болғанда, біздің жас жігіттердің өмірімен тәуекел жасаудың кешірілмес күнә екенін көрсетеді.

2. Эвакуацияланғандардың хабарлауынша, олар бірқатар мекемелер, оның ішінде банктердің call-орталықтары тарапынан кейбір заң бұзушылыққа тап болған.

Арыс тұрғындарының қазіргі ауыр жағдайына және аймақтағы ресми төтенше жағдай режиміне қарамастан, банктердегі қызметкерлері несиелердің кезекті

төлемдерін қатаң талап етуде. Төлем болмаған жағдайда, зейнетақы немесе атаулы әлеуметтік көмек төлемін тоқтатамыз деп те сес көрсетіпті.

Мысалы, үйлері түгел қираған, онсыз да еңсесі езілген көпбалалы Байғубеновтардың отбасы ақшаны қарызға өмір сүре тұруға емес, банктің төлемін өтеу үшін алған!

Тағы бір көпбалалы отбасыға әуе компаниясы ұшақ билеттері қайтарымсыз тарифі арқылы алынғандықтан, билет сомасын қайтарып беруден бас тартыпты. Қазір жаз маусымы екенін ескерсек, бұл жағдайға басқа да арыстықтардың түсуі әбден мүмкін.

Көшірілген азаматтар жұмыс берушілердің (нақтырақ айтқанда – жергілікті темір жол бөлімі) Арыстан 60-80 км жырақта орналасқаны, отбасының апаттық жағдайы, жолдың жабықтығы, қалада тұруға болмайтындығы секілді жағдайларға қарамастан, жұмыстан шығарамыз деп қорқытып, жұмысқа шығу туралы талаптарын қойғанын айтты.

Осыған байланысты, Үкімет пен Ұлттық банктің екінші деңгейлі банктерге, әуе компанияларына, тасымалдаушыларға, коммуналды қызметтерге және т.б. ұйымдарға Арыста орын алған жағдайдың форс-мажорлық жағдай екендігі жөнінде ресми түсіндіруді сұраймыз.

Олай болса, банктер Арыс қаласының қарызгерлеріне төтенше жағдайдың салдары толық жойылмай несие төлемін кейінге шегеруге міндетті болады.

Әуе компаниялары және өзге де тасымалдаушылар, коммуналды қызметтер – Арыс қаласының тұрғындарына қолданылмай қалған билеттің ақшасын қайтаруы тиіс.

«ҚТЖ» АҚ мен өзге де жұмыс берушілер көшірілген жұмыскерлерге қатысты жазалау шараларының қандай да болсын түрін алып

ПАВЛОДАРДЫҢ ӘКІМІ «АҚ ЖОЛДЫҢ» СЫНЫНАН СОҢ ҚЫЗМЕТІНЕН КЕТТІ

«Әбен жиһазына» ессіз ғашық Павлодардың әкімі «Ақ жолдың» сынынан соң қызметінен шеттетілді. БАҚ хабарлауынша, облыс әкімі осындай шешімді қала басшысының мемлекет ақшасына 50 млн. теңгеге пәтер мен 6 млн-ға әбен жиһазын алып, «сенімнен айырылғаны» үшін қабылдаған.

Айта кетсек, 2018 жылдың 19 желтоқсанында «Ақ жол» фракциясы Павлодар, Атырау, Өскемен, Шымкент, Көкшетау, Батыс Қазақстан облысы Ақсай ауданы, Алматы облысының Жамбыл ауданы шенеуніктерінің мемлекет қаржысына үй алу мәселесіне байланысты Премьер-министрге сауал жолдаған болатын.

Солардың ішіндегі сойқаны – Павлодар әкімінің 50 млн. теңгеге алған 230 м2 көлеміндегі пәтері мен тағы да жалпы сомасы 226 млн. теңгені құрайтын бес пәтер алуы болды.

«Ипотеканы төлеу үшін мындаған азаматтарымыз өздерін қаржылық жағынан шектеуге мәжбүр. «7-20-25» бағдарламасының өзінде пәтер құнының шектеуі көрсетілген – бұл жағдайда кей шенеуніктердің сәнқұмарлығы сұрақ туындайды. Дәл сол Павлодар облысындағы «7-20-25» бағдарламасы бойынша баспананың шекті бағасы – 15 млн. Ал әкімдік болса, өз үйлерін бұдан 3,5 есе бағаға алып отыр», – делінген Меруерт Қазбекованың депутаттық сауалында.

Бір апта бұрын, осы жылдың 21 маусымындағы Парламент палаталарының отырысында «Ақ жол» фракциясының көшбасшысы Азат Перуашев

шенеуніктерді ысырапшылдығы үшін тағы да сынға алған еді. Сол Павлодарда тропикалық ағаштан жасалған әкім кенесінің жиһазына 10 млн. теңге көлеміндегі саудаға тендер өткізілген. Қала әкімінің «тілегінің» ерекше болғаны соншалық, депутат алғашында әкімдіктің өтінімін дұрыс түсіне алған жоқ: «Мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялар асыра өмір сүруін жалғастыруда... Аймақ басшылары бюджет қаражатына қалаған нәрсесін алуда – зәулім үйлер, қымбат көліктер, әбен ағашының жиһазы.

Мүмкін жетер? Бай өмір сүргілеріңіз келсе – бизнеске барып, ақша табыңыздар. Ал мемлекеттік қызметкер әрбір тиынды үнемдеуі тиіс».

Сол кезде Азат Перуашев Премьер-Министрге хат жазып, оның іскерлік қасиеттерін ескере отырып, бюджет қаражатын пайдалануға байланысты мәселелерді реттеуді сұраған еді.

Көріп отырғанымыздай, жаңа үкімет депутаттардың наразылығына құлақ аса бастады.

«Ақ жол» партиясы мен оның депутаттық фракциясы сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру жұмыстарын және сайлаушылардың талаптарын орындауды жалғастыруда.

БИЗНЕСТІ ЖАҢА РЕЙДЕРЛІК ТӘСІЛДЕРДЕН ҚОРҒАУ КЕРЕК

«Ақ жол» бизнесті жаңа рейдерлік тәсілдерден қорғауды талап етеді – Азат Перуашев ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрі және Бас Прокурорға хат жолдады.

2018 жылдың 16 мамыры мен 20 маусымы күндері «Ақ жол» фракциясы салық органдарының бизнес құрылтайшылардың субсидиялық жауапкершілігі туралы нормаларын бұрыс пайымдауына байланысты Үкіметке екі депутаттық сауал жолдаған болатын. Кәсіпкерлердің айтуынша, салық қызметкерлері жарғының «құрылтайшылар кәсіпорынның міндетті қарызына жауап бермейді» делінген тармағына қарамастан құрылтайшыларға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қарыздарына байланысты талаптарын қойып келеді.

Сөйтсек, министрліктің бекітуімен ондаған жылдар бойы ЖШС типтік жарғысындағы ЖШС міндетті қарызы бойынша құрылтайшылардың жауапкершілігі туралы нормасын мемлекеттік органдар тыныш әрі білдірмей алып тастаған. Бұл өз кезегінде кәсіпкерлердің шектеусіз қуғындалуына жол ашты.

Сол себепті, «Ақ жол» фракциясы аталмыш депутаттық сауалдарды жіберіп қана қоймай, БАҚ беттеріне әшкерелеу материалдарын шығарды (Бизнесті тонау емес, оған көмектесу керек – «Время газеты», 2018 жылдың 25 маусымы, <https://time.kz/articles/ugol/2018/06/25/biznesu-nado-pomogat-a-ne-obdirat>, және т.б.).

Бұдан кейін, салық қызметкерлері ЖШС

қарыздарын құрылтайшыларға төлету үшін «Оңалту және банкроттық туралы» заң жобасына осындай түзету енгізіп, заңдастыруға тырысқан еді, дегенмен бұл әрекеттері жүзеге асқан жоқ.

Осы жылдың 29-мамырында Мәжіліс спикері Нұрлан Нығматуллин пленарлық отырыста бұл түзетудің «Қазақстанда бизнесті жүргізу негіздеріне қауіп төндіретіндігін» айтты. Қазіргі заңнамаға сәйкес, ЖШС мен АҚ мүшелері кредиторлар алдында тек жарғылық қордағы өз салымы шегінде ғана жауапты.

Н.Нығматуллин Қаржы министрінің бірінші орынбасары Б.Шолпанқұловқа «Сіздер ұсынған нормаларды қабылдап болсақ, адамдар тек мүшелігі үшін жарғылық капиталға салғанын ғана емес, барлық дүниемүлкінен айырылатынын білгендіктен бизнес жүргізуге қорқатын болар еді», – деген. Мұны және болған пікірталастарды бұқаралық ақпарат құралдары кенінен жариялаған болатын.

Осылайша, Мәжіліс депутаттары заң шеңберінде кәсіпкерлердің мүддесін және еліміздің бизнес белсенділігін қорғап қалды.

Дегенмен, салық органдарының арам ниетті қызметкерлері кәсіпорын құрылтайшыларына міндетті қарыздарын заңсыз, өрескел түрде ілуге тырысуды тоқтатқан жоқ.

«Біздің ойымызша, заң талаптары ескерсек, мұндай әрекеттердің болуы не жемқорлық сипатта, не рейдерлік тәсілмен байланысты», – дейді «Ақ жол». Атап айтсақ, «Ақ жол» фракциясының депутаттарына 2016 жылға дейін «ҚазГерСтрой» ЖШС-нің 33,3% үлесін иемденген Р.Шумахер есімді кәсіпкер өтініш білдірді. Аталмыш ЖШС 2014-2016



тастап, бармаған күндерін жұмыстан қалды деп есептемеуі керек.

3. Көшірілгендермен әңгіме барысында олардың барлығының жарылыс, үрей, туыс-туғандарына деген аландаушылығынан ауыр психологиялық стресс алғанын байқадық. Олардың көбіне кәсіби психологтардың көмегі қажет. Қалпына келтіру жұмыстары кезінде, барлық балалар тыныштық жағдайдағы тегін жазғы лагерь демалысына мұқтаж, ал кішкентайларды анасымен бірге жіберу керек.

4. Қайғылы оқиға антропогендік сипатта болғандықтан, яғни, мұндай апатты болдырмау жауапкершілігі тиісті мемлекеттік органдарға тиесілі екенін ескеріп, жақындары үшін жан-азабын шегіп, жарылыстың жаңғырығы әлі құлағында тұрған, бейнет көріп, үрейленген қала тұрғындарына келтірілген моральдік зардап үшін өтемақы төлеу мәселесін қарастыру қажет.

5. Мұндай апаттардың ендігіде орын алмауы үшін және Қазақстан аумағында кеңес кезіндегі әскери полигон мен әскер бөлімдерінің көптеп кездесуіне байланысты қару-жарақ сақтаулы барлық қоймалардың орналасу жерін зерттеп, оларды Арыс қаласынан және еліміздегі басқа да аймақтардан сыртқа көшіруді қамтамасыз ету керек.

Құрметпен,
Партия төрағасы,
Мәжіліс депутаты
Азат Перуашев

жылдары Астана-Қарағанды автожолын салумен айналысқан. 2016 жылы Р.Шумахер өз үлесін ЖШС-тің басқа құрылтайшыларына сатып жіберіп, бизнестен кеткен. Бірақ 2017 ж. Астана қаласының (Қазір Нұр-Сұлтан қаласы) «Алматы» аудандық салық қызметі «ҚазГерСтрой» ЖШС-нің жолды салу барысында қиыршық тасты пайдаланды деп, жеке кәсіпкердің өзіне 267 млн теңгеге талап-арыз берген. Дегенмен, ЖШС уақытша жер қойнауын пайдалану құқығын тиісті тәртіпте алып, сақтағаны анықталды.

«Бірақ құқық бұзушылық болғанын өзінде – наразылықты (267 млн тг) елі де жұмысын жалғастырып жатқан серіктестіктің өзіне беру керек еді. Ал егер оларды құрылтайшыларға берсе (мұның өзі жұмысы тоқтамаған бизнес үшін заңсыз) – онда бизнестен шығып, миноритарлық үлеске ие адамға емес, үлес мөлшерінің сәйкесінше барлық құрылтайшыларға беру қажет.

Мұндай наразылықтың орын алуында салық органдары қызметкерлерінің нақты бір кәсіпкердің заңды құқықтарын қасақана бұзуға бағытталған мақсатты әрекеттерінен басқа не логика, не заңдық негіз жоқ», – делінеді А.Перуашевтің хатында.

Осыған орай, «Ақ жол» фракциясы уәкілетті органдардан кәсіпкерді қорғауға байланысты шұғыл шаралардың қабылдануын және заңсыз қудалаудың ұйымдастырушыларын анықтап, оларды жауапкершілікке тартуды сұрайды.

«Ақ жол» партиясының
баспасөз қызметі

АРЫСТАҒЫ

АЛҒАШҚЫ АПАТТЫ СӨНДІРГЕН

ИСЛАМ ӘБІШЕВТІ ЕЛІ ІЗДЕУДЕ

Бүгінгі таңда «Арыс мәселесін» тез әрі түбегейлі шешуден өткір мәселе жоқ десек артық кетпеспіз. Соған қатысты мынадай ұсыныс айтқымыз келеді. Оңтүстіктің тумасы, екі жыл Ордабасы ауданы әкімі, он жыл Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің 1-орынбасары болып істеген, қызметте елге тек жақсы жағымен танылған, Ауыл шаруашылығы министрлігі Су комитетінің төрағасы қызметін атқарып жүрген жерінен үстінен жалған жаламен қылмыстық іс қозғалып, қапаста қамалып отырған Ислам Әлмаханұлы Әбішевті мынадай төтенше жағдайда Арыс ауданына ҚР Президентінің өкілетті өкілі етіп жіберсе қалай болар еді? «Тергеуде жатқан адамды ма?» дерсіздер. Онда тұрған не бар? Тергеу ісі әлі бірнеше айға созылары хақ. Ол бітемін дегенше, Әбішев келіп жұмыс істей берсін. «Қашып кетпесіне кім кепіл?» Дұрыс. Қашып кетпесіне мен, Өмірзақ АҚЖІГТ кепіл боламын. (Менің бұл сөзімді Ислам Әбішевті білетін жігіттердің бәрі қостап, кепіл болуға дайын деп ойлаймын). Олай деп айтуыма Ислам Әбішевті бұрыннан танитындығым, оның адалдығына, елі үшін шынымен жан аямай еңбек ететіндігіне деген сенімім мүмкіндік береді. Сөзімнің бір ғана дәлелі.

...2009 жылдың 18-19 наурызы. Кешкі сағат 20:30 шамасында сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Ислам Әбішевтің кабинетінде, екеуіміз бір газеттегі мақаланы талқылап отырғанбыз. «Арыста арсеналда жарылыс болды» деген хабар тиді. Исекең бірден Арысқа жүретін болды-дағы, мен де бірге ілестім. Басшы болған соң ол жол-жөнекей өрт сөндірушілерге тапсырма беріп жатты. Келсек өрт бет қаратпайды. Бір жағынан жарылыс кезінде шашылған оқ-снарядтар өрттің қызуынан атылып жатыр. Шынын айту керек, өте қорқынышты. Әскерилер тасалау жерде жиналып тұр. Өрт сөндірушілер де оқтан қаймағына қимылдап жатқандықтан – жанында бомба жарылып жатса оңай ма! – өртті өшіру қиынға соғып тұр.

Ислам Әбішев әскерилерден жайды сұрастырғанда, егер өртті сөндірмесе жан-жаққа атылып жатқан оқтың бірі негізгі оқ-дәрі жиналған қоймаға түсуі мүмкін екенін, ал, ол қойма жарылса Арыс қаласынан ешнәрсе қалмайтыны белгілі болады. Жарылыстың дүмпуі Шымкентке дейін жетуі мүмкін екенін де айтыпты олар.

Мәселе Арыстың жанындағы әскери бөлімде кеңес дәуірінен қалған аса үлкен арсенал орналасқандығында еді. Ол оқ-дәрінің пайдалану уақыты өткендіктен, залалсыздандыру жұмысы қолға алынып (оны атқаратын жеке меншік компания екен), негізгі қоймадан (жер астындағы ондай қойманың тоғыз екенін бүгін біліп жатырмыз ғой...) белгілі бір мөлшерде оқ-дәрі, снарядтар залалсыздандыру цехына апарылатын көрінеді. Сол жерде абайсызда жарылыс болып, әлгі цехтың күлі көкке ұшқан. Атылып жатқан да сол цехтан шашылған оқ-снарядтар болып шықты.

Ислам Әбішев жағдайды тыңдап болған соң әдетінше, тез шешім қабылдады: «Өртті тезірек сөндірмесек, жойқын жарылыс болуы мүмкін, сондықтан, батыл қимылдайық. Өзіміз тасадан тығылып отырып, өрт сөндірушілерге тапсырма бере алмаймыз, не де болса солармен бірге көруіміз керек. Бірақ, ешқайсынды да зорламаймын, шешімді өздерің қабылдандар». Сөйдеді де, қолына дауыс күшейткішті алып, өрт болып, оқ атылып жатқан жерге қарай жүріп кетті.

Сол бетте негізгі қойманың ең биіктеу жеріне барып, өрт сөндіргіштерге бұйрық бере бастады. Өрт сөндіргіштер батыл қимылдауға кірісті. Сәлден кейін Ислам



ИСЛАМ ӘБІШЕВТІ

ҚОЛДАУШЫЛАР САНЫ

РЕКОРДТЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ ЖЕТТІ!

БІР АДАМДЫ МҰНШАЛЫҚТЫ ҚОЛДАУ
ЕЛ ТАРИХЫНДА БОЛМАҒАН!

«Қазақ үні» сайтындағы Ислам Әбішевті қолдап, Ұлт зиялылары бастап қол қойған «ТРИЛЛИОН ҮНЕМДЕГЕНДЕР ТҮРМЕДЕ – ҚУДАЛАҒАНДАР МІНБЕДЕ...» атты Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа жазылған Ашық хатты қолдаушылар саны 17 213 адамға жетіпті!!! Бұншалықты адам бір адамды қолдап, жаппай қол қою еліміздің тарихында бұрын-соңды болмаған! Бізде бір адам үшін емес, еліміз тағдыры қозғалған ұлт, тіл, жер мәселелерінде де сайттағы Ашық хатқа қол қою 138-ден, әрі кетсе 200-ден асқан жоқ. Сонда бұл 100 еседен аса жоғары көрсеткіш! Ал Ашық хатты 50 мыңға жуық адам (49039) оқыды. Ашық хаттың өзіне «Қазақ үні» сайтында 150-ге жуық пікір жазылды. Бұл да зор қолдау болып табылады. Ал әлеуметтік желілерде, әсіресе, Фейсбуктағы, уатсаптағы қаптаған қолдау пікірлердің есебі жоқ.

Әлмаханұлының қатарына қала әкімі, әскерилер, мен де қосыла бастадық.

Тура бір майдандағыдай оқтын-оқтын түрлі-түрлі оқтар атылып жатыр... Бір сағатқа жетер-жетпес уақытта өрт толық сөндіріліп бітті.

Мен Ислам Әлмаханұлын бұрын да қатты сыйлаушы едім, бір-бірімізді көптен білетінбіз. Ал, мына ерлігі тіпті таң қалдырды. Ел басына күн туса, оны кеудесін оққа тосып қорғайтын ерлер осындай болса керек. «Исеке, сіздің мына ерлігіңіз жөнінде жазайық» дедім. «Оның несін жазамыз, адам қаза тапты, қанша адам жараланды, қанша үйге зиян тиді. Менің тікелей кінәм болмағанымен мен де биліктің бір өкілімін, сондықтан, бәріміз де кінәліміз» деп келісім бермеді.

«Ең бастысы – мынадай сұмдықты қайтып болдырмаудың жолын тез арада табу керек! Елді төбесінен төніп тұрған қатерден құтқармай болмайды. Мен бұнымен тыңғылықты айналысамын, шешемін» деп еді.

Өкінішке қарай, осы оқиғадан үш-төрт күннен кейін оны Өскемен қаласына әкім

Ендеше, осыншалықты халық дауысы Қазақстан Президенті болып сайлана салысымен елдің қордаланған күрделі мәселелерін шұғыл шешуге кірісіп кеткен Қасым-Жомарт Тоқаевқа жетуі тиіс деп санаймыз.

Сайтта қол қоюшылар саны ешуақытта мұндай деңгейге жетпегенінің айқын белгісі – 17 213 деген сан -7213 деп, алғашқы бір таңба сыймай тұр!!! Себебі сайт функциясында БЕС ТАҢБАЛЫ ЦИФР бұрын болмаған болып тұр... Өйткені, сайт жасаушылар:

1. Триллион үнемдеген Ислам Әбішев түрмеге түседі деп;
2. Ислам Әбішевті осыншалықты 20 мыңға жуық адам қолдайды деп ойламаған болар...

Ендеше Ел дауысы Ел басшысына жетіп, әділдік туы желбірейді деп сенеміз.

Қазыбек ИСА
qazaquni.kz

етіп ауыстырып жіберді. Сол жолы Ислам Әлмаханұлы екі тәулік бойы ұйықтамай, қаза болған жандардың туған-туыстарына көңіл айтып, жұбатып, көп көмек ұйымдастырды. Жарақат алған, үйіне зақым келге кісілердің мәселесін шешті. Елде үрей туғызбай, баса білді. Мінекей, елге жанашыр, нағыз іскер басшы деп осындай азаматты айтса керек.

Облыс әкімі, кезінде Ислам Әбішевпен тізе қосып жұмыс істеген Өмірзақ Шөкеев қаланы қалпына келтіруді тікелей басқарып-бақылап отыру үшін бір ай Арысқа тұратын болыпты. Бұл да іскерліктің бір көрінісі! Бірақ, тоғыз жол торабында тұрған, кеңес заманында ресми түрде Одақ бойынша «теміржолшылар қаласы» деген мәртебе алған жалғыз қала мен ауданның қордаланып қалған мәселесін шешу үшін ұзағырақ мерзім керек екені анық...

Біз өз пайымымызды айттық. Қалғаны – ел басшыларының құзырында...

Өмірзақ АҚЖІГТ,
журналист
Қазақ үні

Өткенсіз бүгін де, болашақ та жоқ. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры және Алматы қаласы әкімдігі ұйымдастырған «Кемеңгерліктің 30 жылы» конференциясы дәл осындай ойға жетелеп еді. Иә, тарихтан сабақ алмай болмайды. Айталық, шағында тұтас әлемге үлгі болғанымен, кейін біртіндеп күйреп, тас-талқан болған әйгілі Рим империясы туралы ойланамыз ба? Дәл сол апат азғындық, қоғамның реакцияшыл ықпалды күштердің жетегіне еріп, іштен іруі сияқты кері үдерістер салдарынан болған еді. Мұның қоғамды біртіндеп аздырып-тоздырып, ақыры құрдымға жөнелтетін төтелей жол екені де түсінікті.

Сондай-ақ, талайдан бері жер жаһандағы алпауыт мемлекеттердің тірідей сынақ алаңына айналып, сордан көз ашпай келе жатқан анау Ауғанстанның да заманында өркениеті гүлденген рабат өңір болғанын қазіргі көпшілік біле де бермейді-ау. Білетіндердің де ұмыта бастағаны даусыз. Заманында осы елді мәдениеті таңғажайып деңгейде дамыған керемет мемлекет еді дегенге, расында, сенудің өзі қиын. Ол аймақ туралы сөз қозғалса, жұрттың көз алдына сақалдары қауқиып, қолдарына бір-бір Калашников автоматын ұстаған жабайы тобыр немесе жер-жерде жарылыстар жасап, жаһанды шулатқан кілең бір жарымес лаңкестер кескіні елестей қалады.

Әне, осыларды да әуел басқа мұндай сұркия күйге түсірген қоғамдағы сол аярлық пен алауыздық, сыбайласқан жемқорлық-тын.

Ал біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жас Қазақ мемлекетін құрар алдында үнемі сондай келеңсіздіктердің алдын алуға тырысты. Сондықтан да ол мемлекет пен қоғамды жанартудың түпқазық қағидаларының бірі – «алдымен экономика, содан кейін саясат» қағидасын ұстанды. Осынау бағыттың қаншалықты дұрыс екенін уақыттың өзі дәлелдеді. Нарықтық экономиканың іргетасын бекіту, орта таптың пайда болуы, жалпы халықтың әл-ауқатының жақсаруы бүгінгі таңдағы саяси және рухани жаңаруларға жол ашқаны да анық.

Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы» атты еңбегінде: «Біз қалыптасқан шындықты байсалды бағалап, қандай да болсын әсіре құлшыныстан бас тартып, сабырлы да салмақты практицизммен қарулануға тиістіміз» деп жазғаны белгілі. Елбасының осы прагматикалық ұстанымы тәуелсіз мемлекетті жаңғыртып, жанартудың негізіне айналды.

«Кемеңгерліктің 30 жылы» конференциясында мемлекет қайраткері Қуаныш Сұлтанов: «Біздің көпшілігіміз, осы жиынға катысып отырған замандастар екі дәуірде өмір сүріп келеміз. Бүгінгі кездесуіміз өткенді аңсау емес. Тарихымыздан сабақ алып, өсу жолдарымызды жадымызда сақтау. Тенсіздіктен арылып, елдікке қол жеткізуіміздің қадірін-қасиетін толық білу. Нұрсұлтан Әбішұлы сіздің елбасшылық еткен қызметіңіздің отыз жылдығына орай осы конференцияны өткізуге қолдау көрсетіп, Қасым-



БАРЫМЫЗДЫ БАҒАЛАЙЫҚ

Жомарт Тоқаев екеуіңіздің қатынасып сөз сөйлеулеріңіз ынтымақтың, билік бірлігінің үрдісі. Нағыз мемлекеттік өркендеу сабақтастығының айқын көрінісі дер едім. Нұрсұлтан Әбішұлы, сіздің бүгінгі баяндамаңыз замандастарыңыздың барлығын толқытты. Мұны сіздің атқарған парызыңыздың кодексі деп білемін. Қызмет барысында маған сенім артқаныңыз үшін сізге алғысымды білдіргім келеді», – деп бүкпесіз лебізін білдірді.

Сөз жоқ, ел Тәуелсіздігі жарияланғаннан бергі уақыт аралығындағы орасан өзгерістер табиғатына зер салсақ, бәрінің басында көптеген отандық және шетелдік сарапшылар ашық мойындайтынындай, Нұрсұлтан Назарбаевтың посткеңестік кеңістік кезеңіндегі мол тәжірибесі, айқын стратегиялық көзқарасы мен жіті саяси түйсігі жатқаны даусыз. Оның ғажайып саясаткер екендігі, шығармашылық ойлау дарыны, өзінің озық идеяларын тудыруға және оны өміршең етуге бірегей қабілеті ересен көшбасшы екені талас тудырмайды.

Иә, Тәуелсіз Қазақ мемлекетінің жетістіктері мен табыстарының қайнар бастауында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қайраткерлік тұлғасы, қайталанбайтын қолтаңбасы тұр.

Алайда, осынау кыруар еңбекті кейде жете бағалай алмай жататынымыз да жасырын емес. Көбіне кері тартамыз.

Мысалы, біздің қауымда ежелден қалыптасқан «қазақбайшылық» деген ұғым бар. Бұл түсінікке, жақсылықтан гөрі, көбінесе елдің ең нашар әдеттері сыйғызылатын болуы керек. Бос сөзге үйірлік, өсекшілдік, пәлекорлық, белгілі бір бағытта жолы болған біреулерге қарсы топ құрып, әлгіні қалайда сүріндіруге ұмтылу, әлдекімдермен жең ұшынан жалғасу, бақайесепшілдік деп кете береді. Ал сөйтсеміз де, басымыз қосыла қалса, «ой, қазақ деген теңдесі жоқ ғажайып батыр

ел. Меймандос халық. Ақкөңіл жұрт!» деп гүрілдеп шыға келеміз.

Әрине, осының бәрінің де түрлі себептері бар. Кейде осы дертті қоздырып тұратын «вирустарды» дәл тауып, тазарта бастайтын, сөйтіп ұлтты жағымсыз дағдыдан арылтағын күнге қашан жетер екенбіз деп те ойлайсың.

Расында да, әлемдік өркениет кеңістігіне енді-енді ғана дендеп араласа бастаған Қазақ еліндей жас мемлекетке ең бір ұнамсыз мінездерден тезірек құтылуға тырыспаса бола ма. Өз-өзінді алдарқату, токмейілу – нағыз тоқырау негізі. Біртіндеп топастанып, талғам-түйсіктен айрылудың жолы. Әйтеуір, жақсылыққа бастайтын нәрсе емес. Даңғаздақпыртпен қашанға дейін барасын.

Ауруын жасырғанның өлетіні белгілі – ұдайы әлсіз тұсында бүркемелеу, сұркиялыққа бой алдыру, сөйте-сөйте адамгершілік қасиеттерден жұрдай болу түптің түбінде жер қаптырмай қоймайтыны анық. Жамандығын алдыннан әйтеуір бір шығады. Сен жасаған найсаптықтың зардабын өзін шекпесен де, күні ертең-ақ балаң мен немерен шегеді.

Ал, анда-санда көпіріп бір мақтануға, масаттануға келсең, әрине, бұл бір есептен, еңсені түсірмеу үшін керек те шығар. «Өтірікті де қайбір жетіскеннен айтасың» демекші, кей-кейде мән-жайды жақсы біле тұра шындықтан жалтару белгілі тұрмыстық қиындықтарды жеңуге жәрдемдесетін, жаныңды жаралайтын әлдебір қолайсыз жайлардан қорғанатын, рухты түсірмей, жігер жасытпауға көмегі бар дүние ғой; сондықтан, мұндайға бір мезгіл кешіріммен қарауға болар ма екен деп те ойлап қаласың. Бірақ, бәрібір, болмысты ылғи бояма түрінде қабылдап дағдылануды қайткенмен де жақсы әдет дей алмайсың ғой.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Дархан Көлетәев: «Біз бүгін қоғамды түбегейлі өзгертуге бағыт ұстанған әлемдік деңгейдегі қайраткердің заманында тарих жасап жатырмыз. Ең бастысы,

қазақстандық даму жолының ешқайда бұрылмайтынына, тек алға баса беретініне деген халықтың, қоғамның сенімі зор. Тәуелсіздік және Елбасы дегенде – ұлттық даму мен ұлттық көшбасшылық туралы айтқанда, біз жоғарыдағы тоқтамдарды басшылыққа алуымыз керек. Біздің алдымызда үшінші жаңғырудың үш бағыттағы ауқымды міндеттері тұр. Экономикалық дамуға саяси қолдау қажет. Ал олардың жаңа дәуірдегі іргетасы қоғамдық сананың, жеке тұлға болмысының рухани жаңғыруы болмақ. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы жаңғырудың жаңа мақсат-мұраттары мен мән-маңызы осыны мензейді. Оған ұлттық бірлік пен қоғамдық татулық арқылы ғана қол жеткізе аламыз. Тәуелсіз Қазақстан ширек ғасыр ауқымында адам танымастай өзгерген, айтарлықтай жетістіктерге жеткен мемлекетке айналды. Ал мұраты мәңгі, мақсаты биік, жана үлгідегі мемлекетті құруға Елбасы факторы шексіз мүмкіндік берді. Осы тарихи уақытты, жетістіктеріміз бен табыстарымызды, құндылықтарымызды қадірлей, бағалай білу бізге парыз» – деді.

Көкейге әбден қонатын сөз. Тәуелсіз Қазақ елінің қалыптасуы мен дамуы тарихында Елбасының рөлі орасан екені сөзсіз. Оның саяси көрегендігі, стратегиялық даналығы, белгілі мақсатқа жетудегі батылдығы мен табандылығы кез келген мемлекет басшысына үлгі боларлықтай қасиеттер.

Тек осындайда Ұлт көшбасшысына қалың елі болып жәрдемдесе деген ой туындайды екен. Еріксізден ежелгі «Өзінді табу» деген ұғым еске түседі. Көкейде: «Ал елімің өркендеуі жолында өзім не тындырдым?» деген сауал туындайды. Міне, бұдан барып «өзінді тану» деген тармақ шықпақшы. Терең пәлсапалық түсініктер. Бұл – ертеңгі күнге сарабал санамен қарайтын елдің

ең байсалды қадамдарының бірі болса керек. Алдымен өзінді біліп алмасаң өзгені танып жетістіресің бе. Әлбетте, әлем құпиясын танып-түгесу мүмкін емес. Ал адам өмірінің мәні ілім-білім, тәжірибе арқылы өле-өлгенінше сол тылсым ғалам жұмбағын шешумен өлшенетін сияқтанады. Былайша айтқанда, заңғар парасат-пайымыңмен қыран қанаты жететін шырқау биікке көтеріліп, дүние-жаратылыстың құпияларын мейлінше мол игеруге ұмтылумен өтесің. Неғұрлым көп білсең – соғұрлым бақыттысың. Көкірегі ояу, санасы сергек жанның бақ-ғалайсыз болуы мүмкін емес. Саған талай жәйт түсінікті. Сондықтан, сені көп ешкім алдай да алмайды. Расында да, ғаламға ылғи сонау шырқау биіктен қарап тұрар болсаң – өне, адамзат баласы үшін нағыз мерекесі сол! Жан сарайың күнгірлеп, көңіліңде күй ойнап жүреді. Ал қаншалықты кеше болсаң – соғұрлым қанатсызсың. Соғұрлым сорлысың. Мақұлық дейді ондайларды. Мұны мойындамасаң да өз еркін...

Бірақ білім әлемі шексіз ғой.

Ата-бабаның тарихы да қатпар-қатпар сырларын терең тұңғығына бүккен, жатқан бір түпсіз ғалам. Ал біз соның бәрін көзбен көріп, қолмен ұстап, қайшылыққа толы дүниені бүгешігесіне дейін толық игеріп алғандай: «ойбай, біз теңдесі жоқ елміз!» деп лепіре жөнелуге құмартып тұрамыз.

Рас, «мың өліп, мың тірілген» көшпенді елдің мәдениет, тұрмыс-салты ерекше халық екеніне дау жоқ. Әйткенмен, сол артықшылықтарды сабырмен қабылдап, істің мәнін парасат биігінен безбендеудің орнына лап етіп, даңғаздақпыртқа бой алдыра беру жараса бере ме.

Ал өз-өзін таппаған, өз-өзін танымаған адам жалпақ жұртқа өзінің шын бейнесін көрсетіп, кең таныта алуы неғайбыл. «Көкек өз атын өзі шақырады» дейді; бақырып жүріп батыр болмайсың – «қазақ, қазақ» деп қастерлі атты оңды-солды жалаулатып көрінген жерге тықпалап, ылғи беттен қалқып, лепіре жөнелмей, ішпен біліп, жанмен сүйетін құндылықтардың қадірін кетірмесек... бұл тұрғыда әңгіме айтылса, тілдің ұшындағы сөзді емес, жүректің тұсындағы салмақты ойды қозғасақ дейсің ғой.

«Өз-өзін қамшылау» деген де түсінік те философиялық мәнге ие. Әсілі, биік мұраттар биігіне құлаш ұрып, жежені мейлінше жоғары қойған жұрт қана өз-өзін қамшылайтын болар.

Жалпы, еліңнің шын мықты екенін алдымен ісіңмен дәлелдемей, тек құр мақтанмен жүрсең, басқа жұрттың сыйлауды қоятыны айтпаса да түсінікті. Тіпті, олардың көзіне шұқып көрсетпегенімен, кәдімгіше тәлкек қылып, біртіндеп басына бастауы да ғажап емес...

Елбасымыздың жоғарыда мысалға келтірген: «...қалыптасқан шындықты байсалды бағалап, қандай да болсын, әсіре құлшыныстан бас тартып, сабырлы да салмақты практицизммен қарулануға тиістіміз» деген сөзі кейінде ойыма жиі оралады. Мұндайда ел-жұртыма: «Кемел келешекті ойласақ, әрі-сәрі дүрмекке ілеспей, барымызды бағалайықшы, қолдағы алтынның қадірін білейікші!» дегім келеді.

Білім саласының жүгі қай кезде де ауыр. Әрі зор жауапкершілік жүктейтіні бесенеден белгілі. Ел тізгінін қолға алған жаңа Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың пәрменімен билік басында көптеген ауыс-түйістер орын алды. Соның бірі – Білім және ғылым министрі болып Асхат Аймағамбетовтың тағайындалуы еді. Премьер-Министр Асқар Мамин болса, Білім және ғылым министрлігінің алдында мектепке дейінгі, орта, кәсіптік-техникалық және жоғары білімді жаңғырту, сұранысқа ие заманауи мамандар даярлау, білім және ғылымның сапалы жүйесін дамыту сынды ауқымды міндеттердің тұрғандығын атап көрсеткен-ді.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – КЕЗЕК КҮТПІРМЕЙТІН МӘСЕЛЕ

Білім саласындағы басты әрі маңызды мәселенің бірі болып табылатын жемқорлықты жою ісін қолға алған министр бұл тұрғыда қандай нақты шаралар атқарылатындығын да тілге тиек етті.



БІЛІМДІ ҰРПАҚ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

«Жемқорлықпен күрес — алдымызда тұрған ең маңызды мәселенің бірі», — деп атап айтқан Асхат Аймағамбетов: «— Мен жана министр ретінде жемқорлықпен күрестің аса маңызды проблема екенін түсінемін. Қазіргі уақытта жемқорлықпен күрес стратегиясын қайта қарап жатырмыз. Ұстап алғаннан кейінгі әңгіме басқа. Мәселе — мұнда белгілі бір құқықтық кемшіліктерге байланысты. Ол кемшіліктер көп жағдайда, жемқорлыққа қатысты заңбұзушылықтарға себеп болып жатады», — деді.

Білім саласындағы орын алатын жемқорлықты жоюға жете мән беретіндігін айтқан Асхат Аймағамбетовтың бастамасымен елордадағы Қазақ мемлекеттік заң университеті ғимаратында білім саласындағы «Адалдық алаңы» жобалық кенесі ашылды. Сондай-ақ, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев пен Білім және ғылым министрлігінің арасында арнайы меморандумға қол қойылды.

Жемқорлықпен күресті қарқынды жүргізу арқылы мүлде болдырмаудың жолдарын қарастыру керектігін айтқан министр бұл салада бүгінде келеңсіз оқиғалардың кездесетіндігін де жасырмады. Қазақстан азаматтарының көпшілігінің білім саласына қатысы бар екендігін ескерген сала басшысы бұл тұрғыдағы жұмыстарды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесе отырып бір жүйеге келтіретіндігін айтты.

Аталмыш агенттіктің басшысы Алик Шпекбаев: «Қазақстан бүгінгі таңда жемқорлықтан таза, заманауи мемлекет құруда. Заманауи елдің ең негізгі басымдығы — ашықтық, айқындық, қоғам алдында есеп беретін мемлекет құру. Мұнан кейінгі басымдық — кәсіби, дербес, экономикалық тұрғыда ынталандырылған мемлекеттік аппарат қалыптастыру», — дегенді.

Шындығында, жаңа министрдің ұстанған бағыты көкейге қонымды. Орындалуы күрделі түрлі реформаларды ойлап тауып,

тыңнан түрен салғанша, ең әуелі білім саласында орын алатын сыбайлас жемқорлықтың тамырына түбегейлі балта шаба білсе, тындырымды тірліктің бір парасы осы болар еді. Оның үстіне, елімізде жең ұшына жалғасқан жемқорлықтан ада, таза қоғам қалыптасса, онда білімді ұрпақты да, білікті кадрларды да дайындау аса қиындық тудыра қоймас еді. Жаңа министрдің бұл бағыттағы жұмыстарына сәттілік тілей отырып, бүкіл қоғам болып осынау игі істің атқарылуына септігімізді тигізсек, келер ұрпақтың алдында жүзіміз де жарқын болары анық деп білеміз.

МЕКТЕПТЕРДІҢ РЕЙТИНГІ ҰБТ НӘТИЖЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС

«Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында: «Орта білім беру жүйесінде негізгі тәсілдер белгіленген, қазіргі кезеңде солардың орындалуына баса назар аударған жөн» деп атап көрсеткендей, орта білім беру жүйесін дамыту — бүгінгі заман талабы. Ұлттық бірінші тестілеу жүйесі қолға алынған сәттен бастап еліміздегі мектеп бітіруші түлектер мен олардың ата-аналары үшін бұл ең маңызды сынақ ретінде бағаланауда. Бұған дейін мектептің деңгейін осы ҰБТ көрсеткішімен бағалаудың белең алғаны да белгілі. Сондықтан, ҰБТ десе мектеп бітіруші түлектен бастап, ата-ана, мектеп директорларына дейін аяғынан тік тұратындай күйге жеткен едік. Ал, енді жүйелі жұмыс жүргізуді ғана көздеген жаңа басшы Асхат Аймағамбетов ҰБТ нәтижелері бойынша мектептердің рейтингі жасалмайтындығын шегелеп айтты. Биыл еліміз бойынша, ҰБТ-ны 117 242 адам тапсырды. Ендігі жерде олар жинаған бал саны бойынша, мемлекеттік білім грантының арнайы конкурсына қатыспақ.

Сондай-ақ, мектеп түлекте-



рінің жағдайына бей-жай қарамаған Мемлекет Басшысы: «Биылғы жылдың 1-қыркүйегінде аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балалары үшін жоғары оқу орындарына қосымша 5 мың білім гранты бөлінетін болады. Әзірше 5 мың, одан кейін бұл жүйе жұмыс істейтін болса, көре жатармыз», — деп жоғарыда біз атап өткен санатқа кіретін отбасылардың балаларын назардан тыс қалдырмайтындығын жеткізді. Бұл өз кезегінде жұмыстың маңызды элементі әлеуметтік аз қамтылған халықтың ішінен талантты балалар мен жасөспірімдерді оқыту және жоғары оқу орындарына түсуге дайындау жүйесі болып табылатындығын баса айтты. Сонымен қатар, қазақстандық мектеп бітірушілердің әлемнің 500-ден аса университеттерінде тегін білім ала алатындығы да жастарға берілген — зор мүмкіндік.

«Халықаралық бағдарламалар орталығының» мәліметінше, «Еуропаның 435,

Азия елдерінің 30-ға жуық, Беларусияның 7, Ресейдің 84 университеттері арнайы гранттар мен тегін оқу ұсынып отыр. Еліміздегі білім саласы туралы ой түйген «Астана» Халықаралық ғылыми кешенінің басқарушы директоры Серік Ирсадиев Қазақстанда білім берудің әрбір деңгейінің өсуі үшін барлық мүмкіндіктердің қарастырылғандығын атап өткен-ді. Оның сөзінше, біздің елде орта білім беру деңгейінде — «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Дарын» орталығы, кәсіптік білім беруде — «Кәсіпқор» холдингі, жоғары білім беру деңгейінде — Назарбаев Университеті және «Болашақ» бағдарламасы жүйелі жұмыс істеп, тындырымды тірліктер атқаруда. Мұның барлығы жоғарыда біз атап өткендей, Елбасымыздың Жолдауындағы білім беру жүйесінде негізгі тәсілдердің белгіленгендігі және осы бағытта ауқымды істердің атқарылып жатқандығының айқын көрінісі екендігі анық. Яғни, біздің елімізде сапалы

білім беру бағытын ұстанып, балаларын мектеп қабырғасынан-ақ, білімділікке баулимын деген ата-ана үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылған. «Назарбаев Зияткерлік мектептерімен» қатар, әртүрлі бағыттағы тереңдетілген гимназия-лицейлердің де оқушылардың білімін одан әрі жетілдіру жолында істеп жатқан жұмыстары ұшан-теңіз екендігін атап өтуге тиіспіз. Тек осынау мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, өз игілігімізге жараталсақ болғаны.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ ИГІЛІГІН БАРША БАЛА КӨРУГЕ ТИІСТІ

Білім саласындағы тағы бір маңызды мәселенің бірі — мектепке дейінгі білімнің игілігін барлық баланың көре алмай келе жатқандығында. Осынау ауқымды саланың маңызын атаған Асхат Аймағамбетов мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшаға орналастыру ісінен де айналып өткен жоқ.

Білім және ғылым министрлігін қолға алғанына көп уақыт өте қоймаса да, білім саласының барлық тармағын жіті зерделеген министр қазіргі таңда елімізде 10 мыңнан аса мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына 881 мың баланың баратындығын, дегенмен, кезекте әлі 118 мың баланың тұрғандығын атап көрсетті. Балалардың барлығын балабақшамен қамтамасыз ету — дәл қазіргі күннің ең бір өзекті мәселесі екендігін жеткізген сала басшысы бұл бағытта атқарылып жатқан жанды жұмыстар он нәтиже беретіндігін айтты.

Бүгінде бұл бағытта мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін іске қосу арқылы бүлдіршіндерді 95 пайыз балабақшамен қамтуға қол жеткізе білудің өзі зор жетістік. Балабақшаларға балаларды орналастыру барысында бармақ басты, көз қысты әрекеттерге жол берілмеуі үшін жолдама беру қызметі автоматтандырылып, дұрыс жолға қойылыпты. Тынымсыз тірлік көп уақыт өтпей-ақ, өз нәтижесін беріп те келеді. Бұл бәріміз үшін көңіл қуантарлық жағдай.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі білім беру ісінде кадрлардың сапалық құрамын жақсарту үшін тәрбиешілер біліктілігін арттырудың бірінші жаңартылған бағдарламасының енгізілуі білімді ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған төте жол дер едік. Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға да барлық жағдайдың жаалғандығы да ілкімді істердің бір көрінісі екендігі сөзсіз. Атап айтқанда, аталмыш балаларға балабақшаға бірінші кезекте орналасу құқығының берілуі — зор мүмкіндік. Алдағы уақытта бұл тұрғыдағы істер ары қарай жүйелі түрде өз жалғасын таба берсе, мектепке дейінгі білімнің игілігін барша баланың көретін күні де алыс емес.

P.S: «Білімдінің күні – жарық, білімсіздің күні – қаріп» демекші, білімді ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабы. Өйткені, болашағымыз – бүгінгі білімді ұрпақтың қолында. Осы салаға басты назарды аударып, жас ұрпақтың бойына сапалы білім мен саналы тәрбиені жоғары деңгейде берсе алсақ, онда келешегіміздің кемел екендігі сөзсіз. Әлбетте, мұның барлығы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың істің тетігін дұрыс таба білуімен тікелей байланысты екені тағы бар. Басшылыққа келгеніне санаулы уақыт болғанына қарамастан, білім саласының көшін ілгерілету жолында біраз істерді атқаруы көпшіліктің көңіліне қонғандай. Бастысы – жауырды жаба тоқып, кіл мақтанға берілмей, саладағы кемшіліктерді ашып көрсету арқылы оның шешімін табуға тырысып келе жатқаны үмітімізді үкілей түскендей. Білімнің бағының жанғаны – ертеңгі күні озық мемлекеттермен тереземіз теңеледі деген сөз. Ендеше, осынау асыл мұратқа жетуге бәріміз бірдей үлес қоса білсек, нұр үсіне нұр болары анық...

Гүлмира БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ



«ДАЙДИДАУДАН» БАСТАЛҒАН ДАРА ЖОЛ

Мен дарынды әнші Димаш Құдайбергенге Витебскідегі «Славян базары» халықаралық әншілер байқауында Гран Приге ие болып, топ жарған кезінен бастап шындап көңіл аударма бастадым. Онда да топ жарғанына бола емес... Маған қатты ұнайтын, жаныммен жақсы көретін халық әнінің жауһары – «Дайдидауды» әдемі шырқағаны үшін. Шырқағанда қандай, шыбықтай әншінің шырқырап, шығанаға шыққан дауысы шыбын жаныңды суырып алардай шырн сәтке бөлейді-ау! Яғни, қазақ ән әлемінде бұрынсонды болмаған құбылыс жарқ ете қалғаны анық еді! Қазылар алқасының төрағасы, әйгілі әзірбайжан әншісі Полад Бүлбүлұлы: «Бұл біртуар ұл. Бұның бір өзінде үш дауыс бар: төмен және орташа тембр, сонымен бірге альтино — өте сирек дауыс және Димаш оны өте кәсіби меңгере білген» — деп таңданысын жасыра алмады.

Сонымен бірге Димаштың әке-шешесі, қазақтың белгілі дарынды әншілері Қанат пен Светадан бетер қуанып отырдық сол кезде. Димаш конкурста тек қазақша сөйледі. Анасы Света да Беларусь қаласында жүргізуші қалауымен қазақша тілек айтқаны есімізде. (Жүргізуші мына қазақтар Ресей тілінде сөйлеп қоймасын деп сезіктенсе керек...)

Бұл Димаштың ТМД көлемінде алғаш жарқ етіп танылуы болатын.

Содан бері Димаштың «Дайдидауды» менің үйде де, сапарда да, көлікте де үзбей тыңдайтын үздік әндерімнің бірі!

«ҰЛЫ ҚЫТАЙ ҚОРҒАНЫН ӘНМЕН АЛДЫН!...»

Димаштың жалпақ әлемге танылуы — расын айту керек Қытайдағы әйгілі әлемдік байқауда HunanTV телеарнасының «Singer — 2017» жобасында екінші орын алуынан басталды. Осы байқауда айтылған әйгілі «Дайдидауды» әні әлемнің ең таңдаулы қатарына кірді. Әні де, сәні де келіскен қазақ дарынының жолында Қытай фанаттары қырылып қала жаздады. Әрбір турда Димаштың орындаған әндері бірінші, екінші орындардан түскен жок. Сол кезде әлемнің әйгілі әншісі Лара Фабианның өзі құттықтап, парақшасына жазды. Димаш өзінің ақтық сынағында Қытайдың әншісі Шан Венжемен дуэт құрып ән айтты. Ал әлемге әйгілі киножұлдыз Джеки Чан Димашты өзі іздеп келіп, құрмет көрсетті.



ДИМАШ — ҚҰДАЙ БЕРГЕН ҚҰДІРЕТ!

Сыпайы ұлымызға сый-сияпат жасады. Ал бала кезден өзінің кумиры болған Джеки Чанды Димаш та құр қол қайтармай, ұлттық дәстүрмен қазақ шапанын кигізіп жіберді... Димаштың анасы Света бір сөзінде «14 турдан тұратын байқаудың ортасына дейін жетсе, жақсы болар еді» деп ойлады, — дейді. Ал аламан бәйгенің қорытындысында Димаш миллиардтар елінде бірінші орынға бергісіз екінші орынға ие болды. «Азияның ең танымал әншісі», «Ең сүйікті шетелдік әнші» атақтарын жеңіп алды. Әлем елдеріне жолдама алды. Елдің бәрі Ұлы даланың дарабоз ұлын шақыруға кезекке тұрды.

Біз, «Қазақ үні» газеті мен Qazaquni.kz ұлттық апталығы Димашымыз Қытайға барғаннан бақылап отырдық. Біздің тапсырысымызбен Қытайдағы бауырымыз, «Үрімші» телеарнасының журналисті Қуандық Көбенұлының зерттеуімен Димаштың Қытайдағы қадамы, «Хунан» ТВ телеарнасының ерекшелігі туралы эксклюзивті арнайы мақала жарық көрді.

Димаш бұл сапарында Ұлы дала ұлына айналып, Ұлы Қытай қорғанын әнмен алып келді! Бүкіл қазақтың сүйікті баласына айналды! Өзі де бір өнегесі өңінде, иманы жүрегінде, ұлтшылдығы ұлағатында тұрған ұл! Әке-шешесі Қанат пен Светаны да бұрын сүйіп тыңдайтынбыз, қазаққа ұлттың атын шығаратын Димаштай дүлдүл ұл сыйлағандарына мың да бір рахмет айтты бар қазақ!

Мен ерекше риза болғандықтан, «ДҮЛДҮЛ» атты дүбірлетіп жыр жаздым. Бұл жырды үш күнде 40 мыңға жуық адам оқып, 100-ден аса пікір жазылды. Бәрі де тек қолдап, қуанды! Сүттей таза сүйкімді ұлға сүйініп, сүйінші сұраған жүрекжарды ақ тілектер болды. Ал менің фейсбук парақшамдағы тілектер мен қолдауларда есеп болған жоқ. Кейін әнші туралы фильмге «Дүлдүл» деп менің өлеңімнің тақырыбын қойғанда, ақындық ақ көңілмен қуанып қалдым. Димашқа арналған ең алғашқы жыр ретінде осы өлеңді тағы бір қайталап кеткім келеді:

ДҮЛДҮЛ

Димаш Құдайбергенге

*Шырқай білген шынайы сан ғасырдай,
Алты қырдан қазақ па, әнді асырмай...
Әлем біткен әншіге жалт қарады,
Әміренің әдемі жалғасындай!*

*Құбылысың ерекше, білем мүлде,
Атыңды айтып әр қытай жүрер күнде.*

*Аспан асты елінде асқақ тұрдың,
Аспан астын шулатып әжібердің де...*

*Ән шырқаған дала мен тауда мәңгі.
Қазақ әлем назарын аударар-ды.
Қырдың үні қытайды қырып салып,
Дала даусы дүниені жаулап алды!*

*Ашылатын алдынан бағын біліп,
Келді қытай еліне нар ұл кіріп.
Миллиард қаржы шын дарын шығармай-ақ,
Миллиардты алды ғой бағындырып...*

*Ақындарым арнауға жырды ғажаяп,
Есі кетті естіп ел үніңді аз-ақ.
Дүлдүлімен жауласа бұрын бабам,
Бұлбұлымен жаулады бүгін Қазақ!*

*Ең үздікке артады ел де ауырын,
Көркем ұлдың шайқаған көр дауылын!..
Жапырылды үніңді жаһан тыңдап,
Жалғыз өзің Жеңдің ғой, Сен бауырым!*

*Биік рух бар анаң, әкеңде де,
Ұлым десе, ұғынбас қапер неге?*

*Шекесі тар шенеунік қазақ білмес,
Қазақ тілін үйреттің жат елге де!..*

*Қалың қауым жібермей қарсы алғанда,
Таңдайлары ойылды тамсанғанда.
Қытайларды қыбырсыз тұрмайтұғын,
Қимылдатпай қойдың ғой ән салғанда!..*

*Өскен ұлттыз өрлеген өлеңменен,
О, Құдірет!
Осы ғой өнер деген!
Әуенімен әуелеп жылап тұрды,
Миллион қазақ еліне елеңдеген!*

*Дүлдүлі сен бәйгенің дүбірлеген,
Қаншама ару жылды күлімдеген...
Байлық пенен биліктің қолы жетпес,
Жүректерді жауладың Үніңменен!*

*Қалың қытай Димаш деп қалды ұранмен,
Шақыруда шартарап барлығы әлден.
Ұлы дала ұланы болдың нағыз —
Ұлы Қытай қорғанын алдың әнмен!*

*Шын дарындар шығады шырайлы елден,
Сытырыла құлады сынай келген.
Әнің ғажаяп болмауы мүмкін емес —
Сені өйткені Қазаққа Құдай берген!*

ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ ҰЛАН ДҮБІР

Мамыражай маусымның 29-ыншы жұлдызында Лондонда ағылшындарды, Мәскеуде орыстарды «әнмен қырып» келген әншіміз Димаштың елордамыздағы «ARNAU» атты арнаулы жеке концерті өтті.

Әлем жұлдызының әлемдік деңгейдегі ғажаяп концерті! Сахналық-дизайндық көркемдеудің ең соңғы жетістіктері пайдаланылды. Иә, дүниежүзі дүрлігіп қол соққан дүлдүліміздің дүбірі жер жарып тұр! Құдайға мың да бір шүкір дейік! Бір ауыз сөзбен айтқанда, Димаш — Құдай берген құдірет!

Қолдан қолға түспей, жаһанды шарлап жүрген жауһар ұлымыздың Ұлы даласын аңсап жеткені алаулаған аққұба жүзінен, әр сөйлегенде толқыған үнінен анық байқалып тұрды. Ауқымы ат шаптырым «Астана-Аренаның» аузы-мұрнынан шыға толған 35 мың халық та қолына түсе бермес әнші ұлдарын сағынып қалыпты. «Сіздердің мынандай зор құрметтеріңізден өзімді бейне бір Паворотти сезініп кеттім ғой» деді әнші халқының ыстық ықыласына риза болып. Құдай аузына бекер салмаған болар, қазақтың әлемді бағындырар ән жұлдызы туып келе

жатқаны анық. Тек Алла амандығын берсін деп тілейік!

Құйрықты жұлдыздай жарқ ете қалып, өмірден өткен мұзайдыңның мұзбалағы Денис Тен досына ән арнады. Көрермендер ортасында отырған Денистің анасына гүл шоқтары жеткізілді. Өзін тәрбиелеп өсірген атасы мен әжесін, нағашы әжесін де ұмытпады. Әке-шешесіне арнайы ән орындады.

Концерт аяқталса да кеткісі келмей тұрып алған халықтың өтінішімен әнші тағы бір ән айтып берді. Димаш бұл концертте «Дайдидауды» бастаған қазақ, ағылшын, итальян, орыс тілдерінде барлығы 27 ән орындады. Бауыры Мәнсүрмен қосылып, домбырамен Адайды дүбірлетті. Гитарамен де ән шырқады. Тіпті, дауылпазда да отырып, даусыз шеберлігін көрсетті. Арасында қазақтың әдемі әзіл, мақалдарын орынды пайдаланып, ерке ұлымыз елімен еркін сырласқан керемет кеш болды!

«Мен қазақ халқын жақсы көремін және құрметтеймін. Менің шығармашылығым қаншалықты қажет болса, мен соншалықты қазақтың осынау Димаштай дарыны және

әсем жігіті үшін арнаймын», — деп ақ жарылды әншінің бірнеше әнін сүйемелдеген Ресейдің атақты композиторы Игорь Крутой. Яғни, Димаштың артынан тек табынушылар ғана еріп жүрген жоқ. Оның дарынына бас иген әлемнің талай «крутойлары» еріп жүр...

Ал Швециялық Эса Сейттуудың айтқанын тыңданыз:

«Менің бұл әнді тыңдап отырғаным бірнеше сағат болды, тіпті, тоқтай алар емеспін. Әннің не туралы екенін де білмеймін. Мынау — адамның емес, періштенің даусы. Музыка арқылы соғысты тоқтатуға бола ма? Иә, мына жігіт тоқтата алады. Мен әлемнің жеті кереметі туралы естігем, бірақ, мына әншінің ғажайыбы бәрінен асып түсетін сияқты. Мынадай дауысты жаратқан Құдайға енді сенбесіме амал жоқ!», — деп таң қалады ол. Швециялық тыңдарманына құдайдың бар екенін сендірген Құдайбергеннің немересінің дарыны туралы басқа не айтуға болады?!

Димаштың анасы Света да шақырылған көрермендердің әрқайсысын қазаққа қонақжайлықпен үйіне келген қонақтай құшақ жая қарсы алып, жарқырап жүрді.

Ұлы дала төсіндегі ұлымыздың концертіне артынан Америка мен Еуропадан, Қытайдан, барлығы әлемнің 64 елінен 10 мыңнан аса көрермен ере келді. Бұл оншақты мың көрермен Қазақ әншісі Димаштай дүлдүліміз дүниенің қай жерінде ән шырқаса, сол жерге еріп жүретін топ. Тіпті, арасында күні бойы біздің баланың әнін тыңдаумен қатерлі дерттен айыққан Германиядан келген Деванна Зани ханым да жүр. «Димаш қай жерде ән салса, сонда барамын» деген оған салсаң, ол тіпті әншінің туған жері Ақтөбеге дейін барғысы бар...

Жер бетіндегі адамдардың жүрегін емдейтін әншіде не арман бар?! Ал бұндай құдіретпен оны тудырған халқы қалай мақтанса да жарасады! «Сүйер ұлын болса, сен сүй, Сүйінерге жарар ол!»-дейді Ұлы Абай.

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ АРЫСҚА ҚОЛ СОЗДЫ

Осындай көрермендерге керемет көңіл-күй сыйлаған Димашымыз апатқа ұшыраған Арыс қаласына көңіл айтты.

— Шетелде көп жүргеніммен, ылғи елімнің жаңалықтарын біліп отырамын. Интернетті ақтарғанда ең бірінші елімде не жаңабық болып жатқанын қараймын. Жақында Арыста болған оқиға маған да қатты батты. Тіпті, концерт беру осы кезде

ынғайсыздау секілді көрінді, солай айтқандар да болды. Арыстағы ағайындарымыз апатқа ұшырап жатқанда, концерт беріп, ән айтып жатуым қалай болар екен деп те ойландым. Алайда, шетелден шақырып қойылған қонақтар бар, арнайы келушілер бар! Соларды ескеру керек болды. Сондықтан, Арыс апатында қаза тапқандардың отбасына көңіл айта отырып, осы концерттен түскен қаржының бір бөлігін арыстықтарға көмек ретінде аударамын деп шештім. Бұл сіздердің де көмектеріңіз боп саналады, ағайын», – деді Димаш Құдайберген концерт барысында толқып тұрып.

«Астана – Аренадағы» ине шаншар жер қалдырмай толып отырған 35 мың халық дүниені дүбірлетіп жүрген дүлдүлдерінің азаматтығына қатты риза болып, ұзақ қол соқты.

Димаштың жүрген жері – ұлтына деген перзенттік махаббаттың перизат пейілі дерсің! «Дайидаудан» басталған дара жол әлемдік биікке шырады! Қытайда шырқалған бұл ғажап қазақ әні қытайлықтардың қазақ мәдениетіне көңіл аударып, құрмет білдіре бастауына жол ашты. Телеарнаға сұқбат бергенде сүйікті кітабы ретінде ұлы жазушымыз Мұқтар Әуезовтың «Абай жолын» атағанда қытай біткен қазақтың осы бір дара туындысын



іздеп кетті.

Ұлттық тәрбие болмаса, ұлт ұланы болмайды! Ол Димаштың тұла бойынан тұтас сезіліп тұрады. Көркем ұлдың көрегенділігі көзге ұрып, иманжүзділігі мен тереннен тартқан тектілігі анық байқалады. Бұған қазақ дәстүрі бойынша тұңғыш бала Димаштың Құдайберген атасы мен Миуа әжесінің қолында тәрбиеленгені де көп рөл атқарады.

Димаш қай елде, қай жерде жүрсе де алдымен қазақ тілінде сөйлейді. Бұған талай куә болдық. Бұл нұсқаумен емес... канмен келген қазақы ұлтшылдық екеніне қуанасың! Мысалы, Қазақ Елі Тәуелсіздік алғасын дүниеге келіп, дүниежүзін таланттымен табындырып жүрген дүлдүліміз бар елде аты-жөнін орыстың отарлық жалғауы «ов»-пен таныстырып, құлдық құрықты сүйретіп жүрсе не болар еді?! Мәскеуден бастап, әлемнің қай елінде болса да, «Димаш Құдайберген» деген сайын мен қуанамын көппен бірге! Қайта біздің елде кейбір мәнғұрт журналистер ескі құлдық санамен «Димаш Кудайбергенов» деп қателесіп жатады...

DIMASH!!! Бұл есім қазір әлемді жаулап келеді! Бұрын-сонды бұндай әлемдік деңгейде жарқырап шығып, аты жетіп, аяғы тиген кез келген елді Қазақ әніне, Ұлы Даланың дара дарынына тәнті етіп, артынан мыңдаған табынушыларын ертіп жүретін жауһар дауысты жарқын әнші болған емес! Димаштың қазіргі жетістігінің өзі қазақ әні үшін енді оңай алар асу болмайды.

Құдай берген құбылыс – Феномен деген осы! Иә, Димаш – Құдай берген құдірет! Бұндағы сызықшаның орнын ауыстырсаңыз да, мағына өзгермейді. Яғни, «Димаш Құдайберген – Құдірет» десеңіз де дәл келіп тұр!

Алла Алаштың бағына жаралған алтын ұлды аман сақтасын!

Қазыбек ИСА
«Қазақ үні» газеті,
Qazaquni.kz

■ QUQYQ

ДЗЮЛИЕВТІҢ БАСЫ ШЫНЫМ ЕКЕУ ШЫҒАР...

НЕМЕСЕ ТАСТАЛМАҒАН ТЕМЕКІ ТҰҚЫЛЫ ҮШІН... ҮШ КҮН ТҮРМЕ

«Біз – бай, біз – Құдай,
Кім келеді сайма-сай?!»
(Б.Майлин).

Түркістан облысы Темірлан кентінің тұрғыны кәсіпкер Қайрат Сұлтанбектің үйіне 25.03.2019 жылы таңертең Сержан есімді полицей келеді. «Жай, әшейін, сәлем бере келдім» дейді. Есік алдына шыққан Қайраттан темекі алып шегеді. Оның Шымкентке шығатынын сұрап біледі. Содан кейін, сипақтап аз-кем тұрады-дағы жайына кетеді. Ал, біраз уақыттан соң Шымкентке шыққан Қ.Сұлтанбекті полицейлер Темірлан кентінің Қажымұқан мен Абасов көшелерінің қиылысында тоқтатып, «массың» деп, аудандық ауруханаға экспертизаға алып барады. Тексергенде Қ.Сұлтанбектің ішімдік ішпегені анықталады.

Полиция кінәсіздігі анықталған адамды енді еркіне жіберуі тиіс, солай емес пе? Жоқ, ол шетелде солай шығар, бізде әрдайым солай емес... Полицейлер тап сол жерде, «аурухана ауласында темекі шегіп, қалдығын тастады» деген желеумен бір емес екі акт түзеді. (Бірақ, сотта оның қайсысы негізге алынғаны көрсетілмейді). Ордабасы АІД учаскелік инспекторы С.Сайланов түзген актіде «куәлер Б.Есберген мен Е.Кемпірбаев қатысты» деп жазылған. «Куәмін» деген Б.Есберген сотта Қайраттың темекіні қай жерге шегіп, қалдығын қалай жерге тастағаны жайлы сұраққа жауап бере алмай қалса, Е.Кемпірбаев кейін адвокатқа куә болмағандығы жайлы түсінік жазып береді, сөйтсе С.Сайланов оны өз қолымен жазып, жалған құжат жасаған. Қ.Сұлтанбектің адвокаты ол түсініктемеге сараптама жасалсын деп отыр.

Ордабасы АІД учаскелік инспекторы Н.Жақсыбай түзген, «куәлер Е.Махатай мен Е.Әбдіхан қатысты» деген екінші актіде «темекі шегіп, қалдығын жерге тастауы бейнекамераға түсірілді» деп жазылғанымен, куәлердің мекен-жайы толық көрсетілмеген, олардан түсініктеме де алынбаған! Ең «қызығы» аталған бейнежазба да, темекі қалдығы да іске тіркелмеген. Демек, жоқ болғаны ғой, бар болса полицейлер ондай қуатты құжатты қуана-қуана тіркемес пе еді?!..

Ордабасы АІД учаскелік инспекторы С.Сайланов түзген хаттамада: «...Қайрат СҰЛТАНБЕК Темірландағы аудандық аурухана ауласында белгіленбеген орында темекі шегіп, оның қалдығын, яғни, коммуналдық қалдық тастағаны анықталды» деп жазылған. Ал, темекі тұқылы коммуналдық қалдыққа жатпайды екен. Бүгінгі заманда не көп, білімі таяз полицей көп, білмегендіктен де солай жазады... Инспектор білмейтін нәрсесін жазуға мықты, ал, жазуға міндетті нәрсені, мысалы, «куәлердің» бар екені, бар болғанынан кейін олардың мекен-жайы хаттамада көрсетілуі керек, оны көрсетпеген.

Ордабасы аудандық сотының судьясы С.Қойтекеева болса сот



шешімінде: «қоғамдық орында ортақ пайдалану орынын ластап, айналасындағыларға сыйламаушылық білдіріп, қоғамдық тәртіпті бұзған» деп жазады. Адвокат Ә.Аққұлов: «... сот өз құзыретінің шегінен шығып, хаттамада көрсетілмеген құқық бұзушылық бойынша Қ.Сұлтанбекті кінәлідеп танып, оның заң қорғайтын құқығын және процессуалдық нормаларды өрескел бұзып отыр» дейді. Бұндай жағдайда іс заң талабына сәйкес қысқартылуы тиіс. Себебі, процессуалдық норма – негіздердің негізі! Екінші жағынан, судьяның не ойлағаны бізге беймәлім, бірақ, куәлер Е.Махатай мен Е.Әбдіханнан сотта да сұралмаған.

Адвокат Ә.Аққұлов Түркістан облыстық сотына апелляциялық шағым түсірген болатын. Істі судья С.Дзюлиев қарады. 2019 жылғы 26-сәуір күнгі алғашқы отырыста адвокат судьяның назарын жоғарыда көрсетілген дерек пен дәйектердің бәріне аударып келіп,

«Бұл көрсетілгендер бірінші сатыдағы сотта:

- судьяның сот қаулысында жазылған істің нақты мән-жайлары туралы түйіндерінің істің мән-жайына сәйкес келмейтіні;
- әкімшілік жауаптылық туралы заңның дұрыс қолданылмауы;
- процесстік нормалардың елеулі түрде бұзылуы орын алғандығын толық бекітеді.

Аталған жәйттер ҚР ӘҚБтК-нің 840-бабының талабына сәйкес бірінші сатыдағы соттың қаулысының күшін жоюға негіз болады. осы көрсетілгендер негізінде **сұранамын:**

– Осы іске куәгер Е.Кемпірбаевтың түсініктемесін, оның бейнежазбасын және Қ.Сұлтанбектің үйінің бейнекамерасынан жазылған бейнежазбаны қосымша тіркеуге;

– Ордабасы аудандық сотының ҚР ӘҚБтК-нің 434-бабының 1-бөл. бойынша Қ.Сұлтанбекті кінәлі деп таныған сот қаулысының күшін жойып, әкімшілік істі тоқтатуды (қысқартуды)» деп, судьяға жаз-баша түрде **апелляциялық шағымға қосымша** тапсырды. Судья істі 29 сәуірге шегерді.

Шегерілген істі қараудың бас-

аяғы бес-ақ минутқа созылды – судья жазылып, дайындалып қойған қаулыны алып шықты. Оны да толық оқыған жоқ. Аудан сот шешімі өзгерісіз қалдырылды...

Р.С. Бұл жерде судья мырза «қарға қарғаның көзін шұқымайдының» керін келтіріп қана отырған жоқ. Ол «процестік норма бұзылды» деген адвокат сөзін құлағына да қыстырмай, заңды белден басып отыр. Бұдан біраз уақыт бұрын Аманкелді Батырбек деген қоғам белсендісі әлеуметтік желіде «Дзюлиевтің басы екеу емес шығар?» деген пост жариялап еді. Біз судьяның мына ісіне қарап, «екеу болса екеу шығар» деген ойға келіп отырмыз.

Ол неге бұлай етеді? Неге ол суда жүзген жайындай еркін? Біздіңше, оның елеулі екі себебі бар. Біріншіден, судьялар халық алдындағы жауапкершіліктен үзілді-кесілді азат етілген, олар сайланбайды (кеңес заманында екі сайлау болатын, бірі осы халық судьяларын сайлау еді...), олардың бәрі тікелей ҚР Президентінің өкімімен тағайындалады. Бұл оларға деген Президент тарапынан көрсетілген шексіз сенім еді. Ал, олардың бәрі бірдей сол шексіз сенімге, сол асқақ мәртебеге сай ма? Сұрақ – риторикалық сұрақ қатарына жатады...

Екіншіден, қателескен судья қалай жазаланады? Қарапайым халық өкілі ондай жағдайда сөгіс пен қатаң сөгіс арқалаудан бастап, жұмысынан қуылуы да мүмкін. Ал, судья ше? Жауап орнына бір оқиғаны еске алсақ жетер. Осыдан бірнеше жыл бұрын жаракаттық пистолетпен адамды басынан қасақана атып өлтірген бұзақыға аудандық сот қылмысты «аффект» эффектісіне келмесе де тізге салып келтіріпті де, айыпталушыға ... құлап қалмаңыз, «бір жыл бас бостандығынан айыру» жазасын бұйырыпты. Оның апелляциялық шағымға дейін жатқан уақытының еселенетінін есептесе, қылмыскер апелляциялық сот залынан бостандыққа шығайын деп тұр. Іс облыстық соттың қылмыстық істер алқасының төрағасы З.Піранияздің өзіне түсіпті. Бір жарым айға созылған сот қылмыскерді 12 жылға бас бостандығынан айырумен аяқталды. Мен соттан кейін З.Піранияз мырзадан: «Аудандық соттың ісі бұзылды. Сол үкімді шығарған судьяға қандай шара қолданылады?» деп сұрағанымда: «Мен облыстық соттың төрағасына баянхат жазамын...» деді. Бүгінде ондай баянхатты мазмұнына қарай облсоттағы Кеңес тәртіптік және біліктілік комиссиясында қарайтын болатын. Қалай шешетінін әділетке қол жеткізу үшін судьяның «соңына түсуге» тырысып көрген адамдар ғана білетін болса керек...

Өмірзақ АҚЖІГІТ

Р.С. Айтпақшы, Қ.Сұлтанбектің шынайы айыбын айтпаппыз ғой. Иә, оны да кінәсі бар. Және кішкене болмаса керек. Қайрат – қоғам белсендісі. Қоғамды өзгерткісі келеді. Сол жолда түрлі хабарларды көреді екен, митингіге шығады екен. Бірақ, кеше, 30-маусым күні сол жоғарғы билік өкілдерінің өзі митингіге шығып кетті. Тек олар жазаланбайтындар ғой...

Қоғамды қозғайтын, адам санасын өзгертетін тұлғалар болады. Олар өзінің қатарынан, заманынан озық туады. Өткен ғасырдың 60-80 жылдарының арасы қазақ руханиятына дарындыларды үйіп-төгіп-ақ беріп еді. Өкініші, солардың көбінің ғұмыры қысқа болды. Орыс әдебиетінің бағына туған Писарев секілді құйрықты жұлдыздай жарқырап жанып, ағып түскен жарықтарымыздың бірі – қазақ мәдениеті мен әдебиетінің дамуына, ұлттық сананың өсуіне үлкен үлес қосып кеткен асылдардың бірі – Сағат Әшімбаев болатын. Мен Сағатқа дәріс оқыған, оны жақсы білген кісілердің бірімін. Сағат та заманынан озып туған азамат еді. Кездескен кезде қынабынан суырылған жалт-жұлт еткен қылыш елестеуші еді көзге. Қай ортаға барса да сыйып жүре беретін, өзінің пікірін бүкпесіз ашық айтатын, оппонентін лезде ашық пікірге шақыратын. Бұл, сірә, көп оқып, көп тоқығанынан болар. «Мына мәселе туралы көзқарасыңыз қалай?.. өзім былай ойлаймын», – деп, «әу» деп ауыз ашқаннан-ақ ұршықша иіріп, жіпсіз жетелеп, ағыл-тегіл текті сөзге қарай жетелеп әкететін. Жатсыну, тіксіну білмейтін, аңқылдаған ақпейіл көңілдің тереңіне сүңгігендей әсерде болатынбыз. Қалай шүйіркелесіп тіл табысып кеткеніңді білмей қалатынсың.

Сағат көп оқитын, қайда жақсы кітап түсті десе, күндіз қолына шап алып іздеп тауып, оқымай тынбаушы еді. Шөлдегі жолаушы секілді білуге, білім кәусарына мейір қандыруға, құныға, құлшына ізденуге әрдайым бейіл еді. Сол білгенін өзінің пайымына, байлауына қосып төгілдіріп айта жөнелгенде, кісі еріксіз ұйып тыңдайтын. Тындырманы көп болатын.

Сағат ініміз әдебиеттің тұлпарына мінгенде М.Әуезов, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев ағаларымыз фәни жалғаннан озып, көркем сөздің туын тіккен жазушылар ортасы бос қалғандай, әсіресе, әдеби сын жанры жетім баладай жалтан, азусыз халде еді. Сол бәсені бастаған әдеби сынның түтінін қайта шығарып, түндігін желпілдеткен Сағат бастаған бір топ жас перілер болатын. Ол әдебиетке келіп қосылған жана леп, тың күшті елден бұрын сезіп білді. «Балықшы балықшыны алыстан таниды» демекші, өзімен тұстас келіп жатқан жаңа толқынға жетекші бола білді, соңына ілестірді, солардың сөзін сөйледі. Қай-қай ортадан болсын өзіне таныс, біліс, сырлас сыпайыны жылдам-ақ тауып ала қоятын.

Сағат Хан Тәңірінің баланы қыранындай топшысы ерте қатайтып, түлеп ұшқан тастүлек еді. Өртенге шыққан гүлдей ә дегеннен-ақ жайнап, жарқырап көзге түсті. Ол табиғаты таза, өзінің кіндік қаны тамған Аспантаулар әлемінің мөлдір бұлағындай, кәусар бастауындай, жасыл құрағындай қазақ әдебиетінің шоқ жұлдыздай алыптарынан бастап, одан кейінгі ақын-жазушыларға, өзінің тұстастарына, сол кездегі оқырманы көп қазіргі «Жас Алаш», бұрынғы «Лениншіл жас» арқылы қалың жұртшылыққа қаршадайынан-ақ танылып үлгеріп еді. Өз ортасынан суырылып шығып ерте көзге түсіп еді.

Академик Мұхаметжан Қаратаев: «...айтулы әдебиет сыншысы, сарапшысы, әділетсіздікке төзбейтін сарбаз атанды. Сағаттың «Сын мұраты» атты тұңғыш жинағы – осының айғағы» – деп жазғанда, Сағат бар болғаны қылшылдаған жиырманың үстіндегі жас жігіт еді. Азаматтық, сыншылық позициясы берік қаламгер болып қалыптасты. Өз өмірін, еңбегін адам рухының биіктігі мен тазалығын қорғауға арнады.

Өткір көздері көзәйнегінен ұшқындап, жүзінен нұр төгіліп тұратын қыр мұрынды, дөңгелек жүзді жігіт еді. Аузын ашса көмейі көрінген аккөңіл еді. Оқығаны да, тоқығаны да көп еді. Төл әдебиетімізді былай қойғанда, әлем әдебиетінің айдынында еркін жүзіп, батысты оқып, шығысты тоқып өсті. Замандастары арасында ойлылығымен де, тереңдігімен де, бүкіл бітім-тұлғасымен де оқшауланып айырықша көрінетін. Тұнық көздері де, терең сөздері де, көзілдірігі де, желкесіне төгілген шашы да өзіне жарасып тұратын. Жүзіне шындық, жүрегіне жылылық ұялаған жан еді.

Салмақ сыншы Сағат әдебиет әлеміне алғаш аудармамен келді. Ол 1966 жылы Мәскеудің «Прогресс»



Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

лихалы сұхбаттар бергеніне бәріміз де куәміз. Сағат асыл ағасы туралы қадау-қадау мақалалар да жазды. Сол дүниелер қазір ұлы қаламгердің ұлттық бейнесін көрсететін құндылыққа айналды.

Текті адамдардың бірін-бірі жазбай танитынына тәнтімін. Мен осыған інімнің артында қалған мұрасымен танысып отырып тағы да көз жеткіздім. Сағат әсіресе үш ұлыны пір санапты, ардақ тұтыпты. Шығармаларын талдап, желісіне арқау болған алуан түрлі оқиғалардағы ұлттың ұлылығын, талқының қасиетін бір арнада тоғыстырып, биікке көтеріпті. Олар – данышпан Абай, ұлы Мұхтар Әуезов, кара сөздің хас шебері Ғабит Мүсірепов.

«XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқы сана-сезімі оянуының бұрқ еткен ең айқын көрінісі – Абай поэзия-

ұстазын қайталамағандықтан ғана ұлы. Және Әуезов Шығыстың Шолоховы еместігін, Шығыстың ұлы екендігін дәлелдеп берді, өзі соның жарқ еткен жарқын көрінісі бола білді. Олай болса, кейде жоғарыдағыдай біржақты пікірлерге мәз болу жарасымсыз-ақ».

Шынында, көп жұрт осы сөздің ақ-қарасын анықтамай, байыбына жетіп, пайымын аңғармай малдан-ды. Мақтан етті. Бірақ ұлы қаламгер шыққан шыңға тұман іліп қойғанын аңғармады. Сағат сол тұманды парасаттылықпен, ойлылықпен ысырып тастады. Тума талантты, даусыз дарынды өз тұғырында қалдырды. Солай таныды. Оны ол кезде көбіміз біле қойғанымыз жоқ. Осының өзінен-ақ сыншы Сағаттың кең құлашты, кемел ойлы кісі екенін көруге болады. «Көп айтты – болды» демей, өзінің байламын күмілжіп-кібірткітпей, күнге бағып күлбілтелемей анық айтқан Сағатқа қалай риза болмайсың. Кеңестік дейтін заманда, жұрттың үнемі жоғарыға қарап жалтақтап сөйлейтін уақытында, Сағаттың дәл осылай батыл, сенімді сөйлеуі шынында да батырлық еді.

Сонау ықылым заман, көне тарихтан бастап, Пушкин, Абай, Байрон, Толстой, Достоевский, Гете, Данте, Бунин, Әуезов, Маркес, Хемингуэй шығармаларын

шы Әуезовтің ұлы екенін, әлемдік әдебиеттің асқаралы шырларының бірі екенін дәлелдейді.

Сағаттың бұл сөзінің астарында елдік рух жатыр. Астарлы сөз жатыр. Тәуелсіздік тұсында бәріміз айтып жүрген, біз ешкімнен кем емеспіз, ұлы десен ұлыларымыз бар, дана десен даналарымыз бар, иық тірестіріп, сөз жарыстыра алатын алыптарымыз да бар дегенді Сағат орда бұзар отызында-ақ айтып кетті. Сондай атпал азаматын ардақтаудың үлгісін көрсетіп отырған бүгінгі іс-шаралар әдебиетшілер үшін ғана емес, бүкіл қазақ мемлекетінің ақ-адал азаматтары үшін орны бөлек деп білемін.

Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырында бәрін қалай орын-орнымен айта білген десеңізші! Бейсекен бастап, мен қоршап зерттеген әдебиетіміздің ерте дәуірі жайында, байтақ эпостарымыздың құдіреті жайында көп білгісі келіп, құмартып ұзақ әңгімелескеніміз әлі есімде. Ғажайып эпостарды, дастандарды, құдіретті күйлерді, тамылжыған әндерді дүниеге әкелген қазақтың осы ұлы мұраларын әлі күнге дейін әлемге танытып, мойындата алмай жүргеніміз аянышты әрі өкінішті-ақ.

Мені Сағаттың ерекше алғырлығы мен алымдылығы тандандырады. Ол жап-жас кезінде-ақ аталы сөз айта білді. Ол тағы

ЗАМАНЫНАН

Сағат Әшімбаев туралы сыр



баспасынан шыққан «Афоризмы» атты әлем ақыл-ой алыптарының даналық сөздері болатын. «Сын мұраты» (1974) атты тырнақалды туындысы үшін 1976 жылы Жастар сыйлығының лауреаты атанды. «Талантқа тағзым» (1982), «Парасатқа құштарлық» (1985) атты сын кітаптарын жұртшылық жылы қабылдады. Өзі өмірден өткен соң «Шындыққа сүйіспеншілік» (1993) атты еңбегі жарық көрді. Аталған еңбектердің әдеби, ғылыми айналымынан түспей, әркез сұранысқа ие болуы Сағат есімінің сан ғасырларға баратынының, артында қалған мұрасының өлмейтіндігінің айқын айғағы.

Екінің бірін көзге іле қоймайтын, пандығы бір басына жетіп артылатын сырбаз қаламгер Ғабит Мүсірепов Сағатты ерекше бағалап, інілерінің бірі санап, са-

зерделей отырып бүгінгі қазақ прозасы мен поэзиясының хал-ахуалы төңірегінде ой тербеуі Сағаттың деңгейінің қаншалықты биік болғандығының айқын дәлелі. Білу бар да, оны әдебиеттің әжетіне жарата білу бар ғой, Сағат терең білімін туған әдебиетінің мұратына арнай білді. Бұл шындықты да мойындау қажет. Асылы, әдебиет әлемін еркін игеру Сағат секілді санаулылардың ғана еншісіне жазылған. Әйтпесе, бізде білмей тұрып білгішінетіндер аз емес.

Бұл аз десеңіз, Сағат Мұхтар Әуезовтің дарын, қарымын орыс әдебиетін былай қойып, Еуропа әдебиетімен иық тірестіре алатынын, тіпті жоғары тұрғанын риясыз дәлелдейді. «Орыс әдебиетшілері осынау әдебиетті XII ғасырда туған «Игорь полкі туралы жырдан» «Тынық Донға» дейінгі аралықта алып сөз етіп жүр. Ал, біз әдебиетіміздің алтын бастауы саналатын V-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен Әуезовтің «Абай жолына» дейінгі кезеңдер бойынша алып қарайтын болсақ, жалпы әдебиетіміздің даму тарихы тым әріден басталағандығын көруге болады. Біздің көркемдік ой-санамыздың даму тарихы әріден басталағандығы зор мақтаным! Осындай терең арналы әдебиетте Әуезов өзіндік үнімен қалмақ. Егер батыс әдебиетшілері Әуезовті шығыстағы Бальзак, Мопассан, тағы басқа деп жатса, мүлде қисынсыз пікір болар еді. Ол осы халыққа көрсетілген рухани сый-құрмет емес, мүсіркеушіліктен туған жадағай пікір екені дәлелдеуді қажет етпейді».

Көріп отырғанымыздай, сын-

бірде былай деп жазады: «Жалпы, Абай өмірі, Абай заманы төрт кітапқа арқау болды ғой деп, тарихи адамдарымыздың өмірінен міндетті түрде екі-үш немесе төрт-бес кітап жазуды «модаға» айналдырмаған жөн сияқты».

Мұнысы да боямасыз шындық. Әлем әдебиетінде Абай секілді алыптарды танытудың сан түрлі жолы бар. Оған мен бір мысал келтіре кетейін. Орыс әдебиеті Пушкинді әлі күнге зерттеп, зерделеп біте алмай жатыр Бір қуанарлығы, біз данышпан Абайдың да сондай қырларына дендеп ене бастадық. Мәселен, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын ақ орда десек, әлгі жазылып жатқан, жазылатын еңбектер оның көркіне көрік қосатын ақшаңқан отаулар ретінде кең қанат жая береді. Әр нәрсеге еліктегіш халық екенімізді ескерсек, Абай жайындағы төрт томды оқығаннан кейін татитын, татымайтын көп томды тарихи романдар қазақ әдебиетінде көбейіп кетуі мүмкін еді. Сағат орынды-ақ ескерткен.

Сағаттың Абай туралы мақалаларын оқысаңыз, ол ұлы ақынның өлеңдерін талдап қана қоймайды, алда атқарылар істі, әлі де тереңдете түсер тақырыптардың бар екенін еске салып отырады. Әсіресе, ақынның гуманистік қасиет, адамгершілік және мораль мәселелеріне, Тәңір сөзінің астарында әділдік пен шындықтың жатқанына, дүниеде себепсіз ешнәрсе болмайтынына, жасандылық пен жалғандықтың ғұмыры ұзақ еместігін талдау жасай келіп, бұл тақырыптар қазақ үшін мәңгілік дегенді меңзейді. Сағат шығармашылығының өн



қаға сүйінесін. Кейде Сағаттын сын макалаларынан кейін сондай шығармаларды оқуға ұмтылатын да кездері аз болмайды. Ол әдебиетке биік талап тұрғысынан қарады, талап қоя да білді. Сондықтан болар, оның көзқарасында сыншылдық сипат басым болды.

– это было не важно, в расчет не бралось. На меня, спустя двадцать лет, посмотрела та высокомерная учительница, которая не помогала, а выискивала ошибки, чтобы с садистским удовольствием снизить оценку моего труда, стараний, желаний.

К сожалению, с тех пор подход к желающим изучить язык мало изменился. Я не боюсь говорить по-английски с любым иностранцем, потому что он будет кивать, улыбаться и стараться понять меня. Когда я обращаюсь по-казахски к носителю языка, внутри у меня все сжимается. Как удара по голове я жду поправки или «хмыка».

Вообще, казахскому языку должен учить не носитель, который эти «корни-суффиксы» выпит с молоком матери. Во всем мире этот «native-speaker» может стать неплохим наставником для продвинутых учеников, а вот новичку нужен такой же, как он. Тот, который начал с нуля, который знает все подводные камни, особенности мышления человека, говорящего на таком же языке.

Чтобы казахский язык учили охотно, нужен достойный пример. И это не русский паренек с казахского аула (в котором хорошо по-казахски через полгода заговорил бы любой, благодаря отсутствию других вариантов общения). Казахстану нужны отделения казахской филологии, на которые по приличным квотам ежегодно поступали бы сотни русскоговорящих славян. Это не десять грантов на всю страну (именно столько ежегодно выделяется на журналистику), это действительно сотни бесплатных мест.

Четыре года с хорошими, терпеливыми преподавателями – и вот он, учитель казахского языка завтрашнего дня. К сожалению, даже намек на такую программу нет, а поступить некакому на казахскую филологию практически нереально. Очень высокий уровень языка должен быть изначально, и мало у кого

из русскоговорящих он есть.

Вторая причина. Все пособия для изучения казахского языка, написанные за последние двадцать лет, навевают тоску и уныние. У меня есть с чем сравнить – я учила английский, польский, французский. Конечно, и там хватает бездарных учебников, но у нас бездарность почему-то особенно постоянна. И в итоге радость познания нового у нас умудряются превратить в нудный процесс зазубривания все тех же суффиксов и окончаний, да по словиц с поговорками.

В новостях то и дело слышишь о новых мультимедийных учебниках, но в свободной продаже я их ни разу не встречала. И все «официальные» языковые

кормить и одевать, прежде чем они начнут массово говорить по-казахски. В общем, не ту целевую группу выбирают разработчики раз за разом, отсюда и отсутствие результата.

Третья причина. Слабая официальная мотивация. Самая неудачная и неконструктивная «завлекаловка» со стороны государства – красота языка и богатство казахской культуры. С этим никто не спорит, но сама формулировка напоминает бес-толковый лозунг из богадельни «голубого ворيشки» Альяна: «Тщательно пережевывая пищу, ты помогаешь обществу».

Сотни тысяч людей ежегодно устремляются в центры сдачи TOEFL или IELTS не потому, что мечтают читать Марка Твена в подлиннике, а потому что хотят: а) говорить на одном языке с большей частью мира, б) отучиться за границей, в) желательно там же, за границей, найти работу, г) на худой конец, найти

работу в Казахстане, но тогда в иностранной компании.

Те национал-патриоты, которые полагают, что ради госслужбы русскоговорящие казахстанцы побегут массово учить казахский, глубоко ошибаются. Во-первых, туда, как я уже написала, берут чаще всего с условием владения языком. Во-вторых, без родственного покровительства даже на мелкую должность не попасть. В-третьих, работа в соцсфере (врачи, учителя) настолько низкооплачиваема, неблагоприятна и непрестижна, что туда рады брать и без знания казахского, и без сдачи тестов, да желающих мало.

Причина четвертая. Не на тот инструмент сделана ставка. Наше ТВ еще долго не будет способствовать изучению казахского языка. И дело не только в сложности литературных оборотов, произносимых ведущими, а в отсутствии интересного контента. Все, что финансируется государством, превращается в итоге в несъедобную, неудобоваримую и неинтересную пропаганду.

В общем, толку от увеличения объемов вещания на казахском не будет. Такое ТВ не является стимулом для изучения. Все просто будут смотреть российские и мировые каналы, которые, кстати, дублируются на несколько языков. Простое изменение настроек – и вот я уже смотрю канал BBC на русском, английском, немецком...

Неужели мы не можем взять на вооружение эти замечательные технологии, вместо того, чтобы плодить новые СМИ, которые никто не будет смотреть?

Подведем итог: если кардинально не поменять подход к изучению казахского языка, если не изменить психологию обывателя в отношении языковых перспектив страны в контексте мировых требований, то еще 20 лет мы будем учить казахский, но так и не выучим.

Яна ТАРЕЕВА



Однако с тех пор инновационный учебно-методический комплекс «Жана толқын», о необходимости массового распространения которого говорил господин Курман, так и не обосновался на каждой книжной полке.

Вообще, большинство казахстанских распиаренных методик почему-то в массе своей ориентированы на госслужащих. У нас почему-то не понимают, что языку нужно учить не только чиновников, студентов или детей. А что делать с остальными? Но на госслужбу и так берут в основном казахов из-за изначального требования при трудоустройстве знать казахский язык. Студенты сейчас поголовно учат английский и китайский, а дети... А детям еще нужно вырасти, и ближайšie 20 лет их кто-то должен

ҰЛЫ ДАЛА ТІЛІН ҰЛЫҚТАЙ

Мемлекеттік тілді дамыту үшін «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» жобасы жасалып, оны әзірлеу барысында бірқатар көпұлтты шет елдердің тіл саясатын құқықтық реттеу тәжірибесі ескерілгені белгілі. Бағдарламада көзделген барлық іс-шаралар мемлекеттік тілді ұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде дамытудың басымдығына негізделген және азаматтардың рухани-мәдени және тілдік қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандыруға бағытталған. Мемлекеттік тіл саясатында өзекті мәселелерді шешу, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, іс қағаздарының мемлекеттік тілде жүргізілуіне баса мән беру, ономастика саласына, қазақ тілінде әзірленетін жарнамалардың сапасына көңіл бөлу, мемлекеттік қызметшілердің, әртүрлі әлеуметтік топтағы азаматтардың мемлекеттік тілді үйренуіне жағдай жасау және өзге де маңызды шаралар бүгінгі таңда еліміз бойынша жүзеге асырылуда. Газетіміздің өткен сандарында біз Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында атқарылып жатқан игі істер туралы жариялаған болатынбыз. Бүгін Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарындағы осы бағыттағы іс-шараларды оқырман назарына ұсынып отырмыз.

КӨРКЕМСӨЗ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕ БЕРМЕКШІ

Үстіміздегі жылдың маусым айында Жарма ауданының орталығы Қалбатау ауылында Шығыс Қазақстан облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы көркемсөз оқу шеберлерінің Абай атындағы облыстық конкурсын өткізді.

Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес өткен іс-шараның басты мақсаты – мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтіп, тіл мәдениетін көтеру және төл көркем әдебиетімізді насихаттау болатын.

Аталмыш аймақтық байқауға 17-29 жастағы аудан, қалаларда өткен іріктеу кезеңінің жеңімпазы атанған жастар қатысты.

Жарма ауданы әкімінің орынбасары Айдар Ибраев жас талапкерлерге сәттілік тілеп, өнер сайысын ресми түрде ашып берді.

2019 жылы атап өгілетін мерейтойлар мен атаулы күндер тізбесіне орай конкурстың бірінші кезеңінде үміткерлер Б.Майлиннің, С.Сейфуллиннің 125 жылдығына бағытталған қаламгерлердің шығармаларынан және қазақ әдебиетіндегі өзге де классикалық көрнекті прозалық шығармалардан үзінді, екінші кезеңде І.Жансүгіровтың 125 жылдығы мен Ф.Оңғарсынованың 80 жылдығына орай аталған ақындардың поэзиялық шығармаларын мәнерлеп оқыды.

Облыстық конкурстың нәтижесі бойынша Бас жүлдені күршімдік Әлия Болатова, 1-орынды өскемендік Бұлбұлхан Талап, 2-орынды Алтай ауданынан келген Меңтай Мерекенева, 3-орынды жармалық Гүлмира Жусанбаева иеленді.

Сонымен қатар, Ұлан ауданынан келген Гаухар Болатбек және семейлік Исламбек Тұрайсов «Қара сөздің хас шебері» номинациясы бойынша марапатталды. Конкурс жеңімпаздарына ШҚО тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының арнайы дипломдары және бағалы сыйлықтар тапсырылды.

Бас жүлде иегері Әлия Болатова қыркүйек айында өтетін республикалық конкурста бағын сынайтын болады.

ЖАҢАЛЫҚТЫ ЖАТСЫНБАЙ ҚАБЫЛДАУ КЕРЕК

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-



практикалық орталығының ұйымдастыруымен мамыр айында екі күндік семинар жүргізілді. Осы іс-шара аясында облыстағы тіл оқыту орталықтары мен ЖОО ғалымдары латыннегізді жаңа әліпбидің ережесі бойынша дәріс алып, жаңа емленің ерекшеліктерімен тереңірек танысуға мүмкіндік алды. Семинарға өңірдегі ЖОО ғалымдары, тіл оқыту орталықтарының оқытушылары мен әдіскерлері, мекеме қызметкерлері, БАҚ өкілдері қатысты.

Латыннегізді қазақ әліпбиі мен емле ережелерінің құрылымын, емле нормаларының ғылыми негіздерін ересек аудиторияға оқытып түсіндіре алатын білікті мамандар дайындау қажеттілінен туындаған бұл семинар нәтижелі болды. Екі күнге созылған шара барысында қатысушыларға қазақ әліпбиінің қысқаша тарихы, графикасы мен құрамы, әріп-фонема арақатынасы, қазіргі айтылым және жазылым нормалары туралы ақпарат берілді. Дәріс – семинардың теориялық және практикалық бөлімдерін Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалымдары мен мамандары Гулфар Мамыр-

бек, Айнұр Сейітбекова, Назым Жұмаханова және Шығыс Қазақстан лингвистикалық орталығының оқытушысы Ләйлә Абилажинова жүргізіп, шеберлік сабақтарын өткізді. Аталмыш «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Ақпараттық технология және сараптама басқармасының қызметкері Сұлтанбек Қабылов жаңа әліпбиді меңгертудегі бүгінгі заманауи ІТ жобалармен таныстырды.

Семинарға қатысушылар латыннегізді жаңа әліпбидің емле ережелерін үйрету барысында инновациялық педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдердің ғылыми-ізденушілік және оқу-әдістемелік қағидаларын тиімді қолдану әдістерін игерді. Шара соңында қатысушыларға алған білімдеріне сәйкес сертификаттар тапсырылды. Сертификат иелері енді өздері де өзгелерге сабақ бере алады.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ДЕГЕН НИЕТ ПЕН ҚҰРМЕТ

Алдынала мақтанышпен атай өтелік, былтыр жыл соңында Шығыс Қазақстан облысының Зырян аудан-



ны Алтай болып ресми түрде өзгертіліп, жергілікті тұрғындарды ғана емес, бүкіл қазақстандықтарды қуанышқа бөлегенін білесіздер. Жер, су, елді мекендердің өзінің қазақы тарихи атауларына қайта ие болуы бәріміз үшін өте маңызды. Кенестік кезеңде сыңаржақ саясат салдарынан негізсіз орысшаланып кеткен атауларды өзгерту алдағы уақытта тоқтаусыз жүргізілуі тиісті. Осы Алтай қаласында тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен мемлекеттік тілді жетік меңгерген, оны қоғамдық өмірде белсенді қолданып жүрген өзге ұлт жастарының «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты дәстүрлі форум өтті.

Рухани және ұлттық бірліктің негізгі факторы ретінде мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қоғамдағы мақсаты мен міндеттерін өзге ұлт жастары арасында кеңінен насихаттасақ мемлекеттік тілдің қолданылу аясының одан әрі кеңеюіне ықпал етері анық. Ол әсіресе көпұлтты аймақтарда аса қажеттікті талап етеді.

Форумға облыстың қала, аудандарынан мемлекеттік тілді меңгерген 18-35 жас

міндеттер жүктейтінін, сол міндеттердің бірі – мемлекеттік тілдің абырой-беделін көтеру екенін атап өтті.

Алтай қаласындағы ауыл шаруашылық колледжінде тракторшы мамандығын игеріп жатқан Денис Рыков мемлекеттік тілді рухани жаңғырудың басты тетігі екендігін айтып, өзінің мемлекеттік тілге деген он көзқарасын танытты.

Бородулиха ауданының Абай атындағы орта мектеп мұғалімі Виктория Макроусова латыннегізді жаңа әліпби туралы өз пікірін білдірді. Ол – «Жаңа әліпби – мемлекеттік тілдің жаңа белесі» деп аталатын сөзінде латын әліпбиіне көшу саясатын қолдайтынын, оның еліміз үшін каншалықты қажет екенін, жаңа әліпбиді қолдану арқылы әлемдік қауымдастыққа батыл қадам жасайтынымызды атап өтті. Сонымен қатар Виктория форумға қатысушы жастарға жаңа әліпби негізінде сабақ өткізді.

«Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты VIII облыстық жастар форумына қатысушылардың Шығыс Қазақстан жастарына арнаған үндеуін Семей қаласындағы құрылыс колледжінің студенті Евгений Денисов жариялады. Үндеу бір



аралығындағы өзге ұлт жастары, тіл жанашырлары қатысты. Сегізінші рет ұйымдастырылып отырған бұл іс-шараға аудандық, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мамандары, мемлекеттік емес және жастар ұйымдарының, бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері шақырылды.

Үлкен жиынға қатысушы делегаттар мемлекеттік тілдің мәртебесі, оның қолданыс аясын кеңейту, латын қарпіндегі жаңа әліпбиге көшу үдерісі және тілдердің үштұғырлығы, мемлекеттік тілді дамытудағы жастардың рөлі төңірегінде өз ойларын ашық айтып ортаға салды.

Солардың бірі – Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледж студенті Ангелина Бубнова биылғы жылдың сәуір айында Алматы қаласында өткен халықаралық Мұхтар Шаханов оқуларының жүлделі бірінші орын иегері атанған-ды. Ол өзін еліміздің нағыз патриоты деп санайды. «Мемлекеттік тілдің тірегі – жастар» атты баяндамасында, өскемендік жас биылғы жылдың «Жастар жылы» деп жариялануы да жастарға үлкен

ауыздан қабылданды.

Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Айдын Шаймарданов мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге үлес қосып жүрген Ұлан ауданы, «Асубұлақ кент округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Дана Цайслерді, жеке кәсіпкер Кристина Муратқан мен Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің 3 курс студенті Бубнова Ангелинаны облыстың грамотасымен марапаттады. Табысты өткен форум концерттік бағдарламаға ұласты.

«АЙБЫН» АЛДА БОЛДЫ

ШҚО тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы Лингвистикалық орталығы маусым айында әскери сала мамандарының арасында «Ұлы даланың – ұлы тілі» атты командалық байқау өткізді.

Мемлекеттік қызметшілер күніне орай ұйымдастырылған шараға №6699 әскери бөлімінің «Сұңқар», Өскемен гарнизоны әскери полициясының «Парыз», №5518 әскери бөлімінің «Сардар», №2034 әскери бөлімінің

БІЛЕЙІК

«Сарбаз» және №2793 әскери бөлімінің «Айбын» командалары қатысты.

«Тіл-бәйге», «Тіл-ұстарту», «Тілтаным», «Тіл мәдениеті» және «Тіл-өнер» сынды 5 кезеңнен тұратын байқау барысында командалар танымдық, логикалық және шапшаңдықты қажет ететін күрделі тапсырмаларды орындады.

Командалардың біліктілігін бағалау барысында қазылар алқасы әскери сала қызметкерлерінің берілген тақырыптар, тапсырмалар бойынша мәлімет беруді, өз ойын еркін жеткізе алуына, сөз саптауы мен тіл байлығына және тапсырманы орындау кезінде команда мүшелерінің белсенді түрде қатысуына баса назар аударды. Байқаудың нәтижесі бойынша Бас жүлдені №2793 әскери бөлімінің «Айбын» командасы жеңіп алды. Бірінші орынды Өскемен гарнизоны әскери полициясының «Парыз», екінші орынды «Сардар», үшінші орынды «Сарбаз» командалары иеленді.

Облыстық байқаудың жеңімпаздары облыстық Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының дипломдарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Байқауда жақсы нәтиже көрсеткен «Сұңқар» командасының мүшелеріне ШҚО тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының алғысхаты тапсырылды.

ДЕМАЛЫСТА ДА ТІЛГЕ ДЕН ҚОЙЫЛАДЫ

Өз ұлтының тілі мен мәдениетін үйренумен қатар мемлекеттік тілді оқып жүрген жексенбілік мектеп тыңдаушыларын ынталандыру мақсатындағы ШҚО тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының жолдамасымен 10 этнос өкілі биыл да жазғы демалыстарын Тіл лагерінде өткізді.

Олар 2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша өз ана тілдерін оқуда үздік нәтиже көрсеткен Өскемен және Алтай қалаларындағы жексенбілік мектептердің оқушылары. 2019 жылғы маусымның 24 мен шілденің 1-і аралығында «Көгілдір бұғаз» демалыс базасындағы «Балақай» лагерінің жанынан ұйымдастырылған Тіл лагерінде этнос балалары жазғы демалыстарын мемлекеттік тілді үйренумен ұштастырды.

Демалыс аясында балаларға мемлекеттік тілді оқыту бағдарламасы бірнеше тақырыптық бағыттар бойынша ұйымдастырылды. Қазақ тілін оқыту курсы Шығыс Қазақстан лингвистикалық орталығының оқытушысы Гүлнұр Құрманғалиева жүргізді. 10 сағаттық қазақ тілін оқыту курсы барысында тілді оқытудың коммуникациялық, диалогтық және өзге де әдіс-тәсілдері қолданылды. «Танысу» сабағынан басталып, тілді үйрету кезінде оқытушы дамытушылық, сергіту ойын түрлері арқылы балалардың қызығушылығын оятты. Ән салу, сурет салу, ой бөлісу сияқты әдіс-тәсілдерді

үлкен белсенділікпен қабылдаған балалар «Мақта қыз бен мысық» ертегісінен үзіндіні қойылым түрінде көрсетті.

БИ-АҒА ЕЛІНДЕГІ БЕТБҰРЫС

Астықты аймақ орталығы саналатын Қостанай облысындағы Таран ауданына классик жазушымыз Бейімбет Майлиннің есімі берілді. Сөйтіп, елімізде орысша аталып кеткен тағы бір ауданның аты қазақшаланды. Тиісті жарлыққа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойды. «Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңның 9-бабына сәйкес бұдан былай Қостанай облысындағы Таран ауданы Бейімбет Майлин ауданы болып аталады. Мұнда 26 мыңнан аса халық тұрады. Осылайша жергілікті тұрғындардың бірнеше жылдан бері айтып келе жатқан ұсынысы ескеріліп, Алаш ардақтысының 125 жылдық мерейтойы қарсаңында есімі өзінің туған жерінде ұлықталып отыр.

Ұлы даланың ауқымды бір бөлігін алып жатқан Қостанай өңірін бүгіндер «орыстілді» аймақтардың қатарына қосқанмен бұл қасиетті қазақ



жерінен Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Қайнекей Жармағанбетов, Спандияр Көбеев, Ғафу Қайырбеков, Сырбай Мәуленов және одан кейін де көптеген атақты адамдар шыққан. Осыншама ақын-жазушыларды дүниеге әкелген қасиетті қазақ жерінде ана тіліміздің тамыр жаймауы мүмкін емес. Кеңестік кезеңдегі «тың игеру» саясатының салдарынан қазақ тілінің қысым көргені белгілі. Жүзден астам ұлт өкілдері тұратын бұл облыста осыдан он жыл бұрын жүргізілген санақ бойынша жергілікті ұлт саны 50 пайызға да жетпейтін-ді. Қазір жағдай мүлдем басқа, Алаш ұрпақтарының саны қарқынды өсіп келеді. Сонымен қатар аймақта Тәуелсіздік алған жылдардан бастап ана тілімізге деген бетбұрыс бірден байқалды. Көптеген білім беру орындары қазақ тіліне көшіп, жер, су, елді мекен атаулары қазақшаланып жатыр. Соның бір айғағы — алдында айтқанымыздай облыстағы бір ауданның қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Бейімбет Майлиннің есімімен аталуы дер едік.

Қазақ тілінің еліміз бойынша күнделікті тұрмысымызда өзіміз



ойлағандай кең қолданыс таппай жатқаны белгілі. Ол жалғыз қостанайлықтарға ғана қатысты емес. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру бағытында бұл өңірде аз жұмыс атқарылып жатқа жоқ. Солардың кейбіріне ғана тоқтала кетелік.

КӨРНЕКІ АҚПАРАТ КӨҢІЛГЕ ҚОНЫМДЫ БОЛСЫН

Облыстық Тілдерді дамыту басқармасы ағымдағы жылдың мамыр айында Ұзынкөл ауданы Ұзынкөл ауылында Қостанай, Меңдіқара, Ұзынкөл аудандары әкімдіктері, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдері басшылары мен мамандары, ономастикалық жұмыс топтары мүшелері, тілдерді оқыту орталықтары, ҰЕҰ, жастар ұйымдары өкілдерінің қатысуымен «Көрнекі ақпарат: мәселелер және оны шешу жолдары» атты дөңгелек үстел өткізді.

Отырысқа Ұзынкөл ауданы әкімінің орынбасары Б. Мұхамедяров қатысты. «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығының оқытушысы А. Міркемелова жаңа қазақ әліпбиінің емлесі бойынша баяндама жасап, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры,



Әңгіме әрбірімізді толғандыратын тіл туралы болғандықтан, газетімізде жарияланған мақалалар оқырмандарымыздың назарына азды-көпті іліккенін байқадық. Ұлттың ұлт екенін анықтайтын да тіл екенінде дау жоқ. Қазақ тілінің мерейі – мемлекеттің мәртебесі деп түсінуіміз керек. Үкімет тарапынан арнайы бағдарлама қабылданып, жылдар бойы жоспарлы түрде іске асырылып келеді. Әділін айту керек, мемлекеттік тілге деген құрмет артып келеді. Қазақстанда туып өскен өзге ұлт өкілдерінің де қызығушылығы байқалады. Әрине, осы бағытта аз қаржы бөлініп жатқан жоқ. Мәселе қаржыда ғана емес, түпкілікті нәтижеде болса керек. Бұл тұрғыдан алғанда алдағы уақытта да қыруар жұмыс атқаруға тура келеді. Өйткені, қазақ тілінің қолданыс аясы әлі де қажетті деңгейге көтерілді деп айта алмаймыз. Бұл жерде тіл мәселесін бір ғана мемлекеттің мойнына артып қоюға болмайды. Ол өзін Қазақстан азаматымын деп есептейтін әрбір адамның ісі. Әрбір отбасында ана тілінде сөйлессе, қоғамдық орындар мен қызметте мемлекеттік тілде тілдесе қолданыс аясы кеңейе түседі. Оны әрбір адам өзінің парызы деп ұғыну қажет. Сонда ғана Ұлы даланың ұлы тілін шын мәнінде ұлықтай алғанымыз болып табылады.

қанықты. Мұндай іс-шаралар алдағы уақытта жыл бойында облыстың өзге өңірлерінде де өткізілу жоспарланған.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында, қазақ әліпбиінің латын графикасына біртіндеп көшіруді ілгерілету мақсатында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Қостанай облысы әкімінің Тілдерді дамыту басқармасы «Нұршанырақ» қоғамдық қорымен бірлесе отырып 7-маусым күні «Латын әліпбиінде жазамыз» тақырыбында семинар өткізді. Семинар жұмысына Федоров ауданы, Қарабалық ауданы өкілдері қатысты. Осындай іс-шаралар өзге аудандар мен жоғары оқу орындарында да өткізілмекші.

Осы орайда «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығында латын графикасына негізделген жаңа әліпбиді үйретуге арналған қысқа мерзімді курстар басталды. Курстың тыңдаушыларына жаңа емледегі ерекшеліктер, қазақ әліпбиінің фонологиялық негіздері, графикасы мен құрамы жайлы толыққанды ақпарат беріледі. Курстың алғашқы сабақтарына қаладағы департамент, басқарма мамандары мен өтініш білдірген қатардағы жеке тұлғалар қатысуда. Латын әліпбиіне біртіндеп көшу іс-шаралары бүкіл облыстағы аудандарды қамту көзделген. Алғашқы күннен-ақ оған деген қызығушылық бары байқалды.

«Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығында «Үміт-Надежда» қоғамдық қорының да сабақ кестесіне сәйкес латын қарпіне негізделген жаңа емле ережелерді оқыту сабағы өтті. Мүмкіндігі шектеулі жандар сабаққа белсенді қатысып, жаңа материалды меңгеруге тырысуда. Ниет бар жерде нәтиже де болады белгілі.

*Әуелі қолдан келсе еліңді сүй,
Ел үшін еңбек еткен еріңді сүй.
Қағбаға тәуап ету керек болса,
Кір жуып, кіндік кескен жеріңді сүй!*
Ф. Қараи



Данышпан Гете «Дүниеде ештеңе де іс-түссіз жоғалып кетпейді» деген екен. Уақыт алға озған сайын өткен мен бүгіннің арасы қосылып, тарих қойнауындағы беймәлім құпиялар ашылып жатады. Сөзімізді бейнелеп айтсақ, өткеннің тарихы сөйлеп тұрғандай болады да тұрады. Тарих мінберіне Тәуелсіздік алған жылдары Алаш қозғалысының сардарлары шығып, ұлы рухтай қасиетті егемендіктің тұғырына қызмет ете бастады. Аруағы асқар, шарапаты шалқар қайран елім деп өткен Арыстарым-ай! Тірісінде қалың ұйқыдағы қазағына тіреу, өлгенінде медет болған жарықтық Алаш рухы-ай!

Желтоқсан айы – қаймана қазақ үшін қасиетті һәм қадірлі ай. Осыдан тура жүз жыл бұрын (1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері) қазақ оқығандары бірігіп, II жалпықазақ сиезін өткізіп, ұлттың ұйысуы туралы келелі ой айтып, ортаға тас тастап, Алаш Орда-сына дауыс береді. Сөйтіп, Алаш қағанаты құрылып, екі жылдан астам елдік рухты сактай білді. Ал, бүгінгі осынау шат-шадьман берекелі ғұмырымыздың несібесі де осы – қасиетті де киелі ЖЕЛТОҚСАН айының күндерімен қабысып отыр.

Гете айтқандай, із-түссіз жоғалып кетпеген, керісінше, елі егемендік алғанда туған халқымен қайта қауышқан, Алаш заманында қазаққа болсын деп адал қызмет еткен үркердей шоғырдың бірегейі – Шаймерден Қосшығұл баласы еді.

Еліміз азаттық алғаннан кейін төл тарихымыз жаңа методологиямен жазыла бастады. Сонау 1991 жылдың басында-ақ «ақтандақтар мәселесі» ашылып, құпия қоймалар мен архивтердің пердесі түріліп, шаң басқан құжаттарға «тіл» бітіп, сан алуан құжаттар «сөйлей» бастады. Тіпті, Елбасы Н.Назарбаевтың өзі «Тарих толқынында» атты кітабында қазақтың қилы тарихы туралы сөз қозғап, советтік идеологияның қысымына ұшыраған ұлтымыздың мәдениеті мен әдебиеті, тарихи жылнамасы хақында ой-тұжырым айтты. Елбасы елін азат етуге тырысқан бір топ шоғырдың еңбегіне айрықша тоқталып, үлкен баға берді. Бұл – Алаш ұранды азаматтардың қозғалысы болатын. Елбасы айрықша атаған есімнің бірі – Шаймерден Қосшығұл!

Қазақтың тарихында мақтанш саналатын, үлгі-өнеге алуға тұрарлық азаматтар мен тұлғалар өте көп. Санасан саусағың жетпейді. Бүгінгі тақырыбымыздың кейіпкері болған тұлға туралы Тәуелсіздіктен соң ғана жазыла бастады. Оны тану, зерттеу мәселесі күні бүгінгі дейін оқтын-оқтын айтылып келеді.

Қайраткер туралы әзірше толымды еңбек санатында бір-ақ дүние бар екен. Ол – тарих ғылымының докторы Өмірзақ Озғанбаевтың «Рух күрескері» еңбегі. Бұл еңбек Ш.Қосшығұловтың өмір тарихы мен қоғамдық-саяси қызметін таныстыруға ниет еткенімен, тұлға өмірінің құпиясы мен Алаш қозғалысының тегеурінді сәтін толық ашып көрсете алмаған бір қайнауы ішінде, ойы шашыраңқы, мазмұны жүйесіз еңбек-ті. Десе де тұлғатану саласындағы жалғыз еңбек болғанымен әрі азаттық алған жылдары жазылған бірінші еңбек сапында болуымен ғана ізашар дүние деп қарастырылады. Жә, әңгіме төркіні бұл да емес. Жақында, осы Астана шаһарында тұратын Шаймердендей асылдың ұрпағы Самат Қосшығұловпен кездесіп, оның үйінде болған едік. Саматтың Диас есімді бір жасқа енді толатын ұлы бар екен, тұңғышының тегін Шаймерден деп жаздырыпты. Бұл – қазақ зиялысының шөбересі.

Самат бабасына қатысты жазылған еңбектерді көзінің қарашығындай сактап, үйінің төріне іліп қояды екен. Күнделікті ғаламтор желісінен даңқты бабасына қатысты жаналық іздеп, елең еткізер оқиғаға құлағын түріп жүретін зиялы азамат. Оның осындай мінезіне, тарихқа деген құлшынысына қарап, ризалық кейіп таныттық. Екеуара әңгімімізде

фест жариялап, көтеріліске шығады. Сенат алаңында басталған дүрбелең Патшаның Қысқы сарайына кіреді. «Қанды жексенбі» аталған бұл оқиғадан соң, жер-жердегі бодан жұрттың оқығандары жиылып, елдік мәселелерін ортаға сала бастайды. I Мемлекеттік Думаға қазақтан депутат өкіл сайлануға мүмкіндік алған соң, үш генерал-губернаторлық, төрт облысқа бағынған қазақ азаматтары ел үмітін арқалап, сайлауға түседі. Міне, осы тұста қазақтың елдік мұраты жолымен саяси алаңға дін адамы, қазақы тұрмысқа әбден қанық, 32 жастағы орда бұзған жігіт төресі Шаймерденнің де жұлдызы жанады. Ақмола облысынан кандидат ретінде ұсынылып, сайлауға түскен Шәйкен (ел ішінде халық осылай еркелеткен-ді) кемдік көріп, орыс тілін білмейді деген желеумен аластатылады. 1906 жылдың 8 маусымында II Николайдың қысымымен I Мемлекеттік Дума таратылады. Петерборда жүрген қазақ баласы алдағы күннен күдер үзбей, тағы да бағын сынап, II Мемлекеттік Думаға нар тәуекелмен сайлауға түседі.

Сонымен не керек, кір жуып, кіндік кескен жерін сүйген есіл ер Петерборға барып тұрып, еліне ештеңе бітірмей

естеліктердің бірнешеуін «сөйлетіп» көрсек. Профессор Сағымбай Жұмағұл жазып алған Ерік Қосшығұловтың естелігінде: «...Алаш ардақтысының Түркияға барып, отаршыл Ресейдің шоқындыру саясатын айыптап, қазақ қайғысын жеткізгенін аса бір мақтанш сезіммен мағұрланып тұрып айтқан кейпі жадымда. Исі қазақ баласының жоғын жоқтаған Қосшығұл перзентінің қандас, діндес түркі еліне «Қазақ деген ұлт бар» деп сол кездегі патша билігінің орыстандырудағы құрығына қулық бойламас зымияндығын әшкереленген зердеме күйған-ды» делінген сөздер қайраткердің Түркияға барған ресми сапарын айғақтап отыр. Тарихымызда Жайық Бектұров есімді көп қуғын көрген, қайшылыққа толы дәуірдің куәгері, жазушы ағамыз болған. Сол заманның өзіндей болған қарт қаламгер «Ана тілі» газетіне жариялаған бір естелігінде: «Бұл – Шаймерден Қосшығұл. Өзім жасымда көргенімде қағілездеу адам тәрізді еді; мынау қартай келген кездегі, әлде ашаршылыққа ұшырап, бетіне ісік түсе бастаған суреті ме, әйтеуір беті қалындау.

Шаймерден – бізге арғы түбі бір аталас адам, тек ауыл қонысымыз қашықтау, қысқы қыстауымыздың арасы елу шақырымдай. Шәкенді жасымда бірнеше рет көрдім. Тез-тез сөйлейтін кісі еді. Біздің ел бұл кісіні «Шәйке молда» деп атайтын.

Шаймерден Қосшығұлдың Думаға сайланғаны рас, Петерборға барыпты да сонда шыққан «Серке» атты газетті қазақ арасына таратысқан да көрінеді. Өзі Көкшетаудағы Науан хазіреттен оқиды. Ресей астанасын ба, әлде өзге де бір жерлерден бе, кітап, газет бастыратын қорғасын әріптер әкеледі. Бұл Науанның мешітінен табылады. Содан Шаймерденді патша үкіметі Сібірге, Жақұтияға жер аударды. Ол елге Романовтардың үш жүз жылдығына байланысты кешірімге орай ғана оралады. Бұл туралы әртүрлі аңыз да менің қойын кітапшаларымда бар», деп жазған екен. Ескі заманның көзін көрген осындай қарттардың әңгімесі біздің Шаймерден туралы түсінігімізді арттыра түседі деп ойлаймыз.

Сондай-ақ қайраткердің өмір жолы мен қызметі, тағдыры туралы тұщымды мәліметтер Сәдуақас Ғылманидың қолжазбаларында кездеседі. Сәдуақас хазірет оның Түркияға барған сапары, онда екі айға жуық болғаны, қандай істер атқарғаны туралы өзіннің естіп, білгенін жақсы жазған.

Алаштың аяулы арысы соқтықпалы, соқпақты дәурен сүрді. Алаш рухы тұғырына қонған кезде де көш бастаған серкелердің жанынан табылды. Сөйтіп, дін адамы ретінде, алашшыл азамат ретінде ГПУ жентенттерінің қолына түсіп, бірнеше рет айдауға ұшырады. Қуғын-сүргінде жүріп, қаймана қазағы аштық таскіретін тартқанда, аймаңдай арыс шерменде боп өмірден өтті. «Содан ол 1932 жылы Омбыға таяу Марьяновка стансы маңында аштан өледі. Ел ішіне белгілі де қадірлі адамның сүйегі сонда қалыпты. Мен білетін балалары, туыстары оның зират басын көтерген жоқ. Шәйке молда 58 жасында көз жұмыпты» деп Жайық Бектұров өкініп жазғандай арыстың сүйегі Омбы даласында қалыпты. Осыдан біраз уақыт бұрын бабаның ұрпақтары – Сәкен Құрмашев, Қанаш Есмағамбетов, Ерік Шаймерденов және ғалым-жазушы Тұрсын Жұртбай, алдаспан ақын Дәулеткерей Кәпұлы бастаған алқалы топ арыстың туған жері Қоғам ауылынан арнайы тас апарып, Омбыдағы бейітін көтерген еді. «Орнында бар дүние оңалар» деген осы.

Тегінде, асыл адамға өлім жоқ. Жақсы адам – жұрттың ырысы емес пе. Бүгінде арыстың туған ауылында оның есімімен аталатын мектеп, көше, мешіт бар. Бас қаламыздағы үлкен көшенің бірі де осы тұлғаның есімімен аталады. Болашақта да тұлға рухына көрсетілген құрмет азаймайды деп ойлаймыз. «Тұңғыштар!» айдарым тізгенде, Дума депутаты ретінде тарихта қалған, елін шексіз-шетсіз сүйген адамның есімі әлі талай қазақ руханиятына қызмет етері сөзсіз. Оның ұрпақтары барда бабасыныңаты да, қаны да жалғасабермек...

Елдос ТОҚТАРБАЙ,
жазушы, зерттеуші,
«Дарын» мемлекеттік жастар
сыйлығының лауреаты

КІР ЖУЫП, КІНДІК КЕСКЕН ЖЕРІН СҮЙГЕН

*Алаш қайраткері Ш. Қосшығұлдың
өмір жолы хақында*

бабасының қызметі, өмір жолы сөз болды. Сөз арасында ол: «Осы Астанаға, бұрынғы Ақмолаға ең алғаш автомобиль әкелген, осы қалада сауда-саттықпен айналысқан Құрманғали Қосшығұлов атамның бауыры екен», – деп қалды. Міне, осы әңгіме ел ішінде әр түрлі айтылады. Бұл Қосшығұловтардың қаны да, заты да бөлек. Ө.Озғанбаев мәлімет жинау кезінде бір жаңсақтық жіберіп алса керек... Осы секілді иірілген сұрақтарға толы жайттардың жауабын беру – тұлға танудың негізгі міндеті. Бұны болашақ зерттеушілер ескеруі керек.

Біздің кейіпкеріміздің сүйегі – Орта жүздің Керей атасы. 1874 жылы дүниеге келген арда қазақ Көкшетау өңіріндегі атақты Науан хазірет, Наурызбай Таласұлының алдын көріп, оның медресесінде шәкірт болады. Кейін, көреген ұстазының өсиетімен исламның иманды бұлағы – Бұқара қаласына барып, діни ілімін жалғастырған. Шаймерденнің қазақ тарихындағы есімінің алтын әріппен жазылған сәті – I орыс революциясынан кейінгі қоғамдық өмірмен тікелей байланысты.

1907 жылдың 20 ақпаны күні өз жұмысын бастаған II Дума 103 күн өмір сүріп, 2 рет сессия ашып, 53 жуық мәжіліс өткізіпті. II Мемлекеттік Думаға қазақ халқының атынан бірнеше азамат сайланады. Мәселен, Орал облысынан Б.Қаратаев, Торғай облысынан А.Бірімжанов, Семей облысынан Т.Нүрекенов, Жетісу облысынан М.Тынышбаев, Астрахан облысынан Б.Құлманов және Ақмола облысынан Ш.Қосшығұлұлы.

Патшалы Ресейге кіріптар болған бодан қазақтың һұқы азайып, өзінің байырғы атамекенінде тұрып, өзгеге салық төлеуге мәжбүр болғандығы және тағы басқа алым-салық түрлерінің көбеюі, жер тартысы ... қысқасы, қазақты алқымынан алған империя күннен-күнге қанап, тұншықтыра бастады емес пе?! Сол жылдары Орталықта, яғни Петербор қаласында қара жұмысшылар да арыз-шағымын айтып, Патшаға қарсы мани-

қайтпаймын дегендей, намысқа тырысып, II Мемлекеттік Думаға депутат ретінде сайланады. Думаға қазақ ұлтынан бөлек басқа да бодан ұлттың өкілдері қатысқан. Тарихи деректерге сүйенсек, II Думаның Мұсылман фракциясында 36 депутат болыпты. 1907 жылдың 3 маусымында тағы да күш-қысым көрсетіліп, Дума депутаттары таратылып, жұмысы тоқтайды. Содан кейінгі Думаға ешқашан қазақ баласы депутат ретінде сайланып көрген емес. Патшалық империяның саяси әрекеті, бюрократтық өктемдігінің салқыны сезілді.

Дума таратылған соң, экс қазақ депутаты патшалық астанасынан татар тілінде шығып тұрған «Улфат» газетіне қосымша ретінде өз қаржысымен «Серке» газетін шығарады. Татардың Әбдірашид Ибрагимов деген зиялысы шығарған «Улфат» қосымшасы іспетті «Серкенің» ғұмыры ұзаққа созылмаған. Оның ең алғашқы санына Міржақып Дулатұлы өлең арнап жазғаны бар. Петербор қаласында жүріп, орыс интеллигенциясымен тығыз қарым-қатынас орнатып, астананың қоғамдық-мәдени өмірімен танысқан Шәйкен молда қазақ жастарымен де байланысып отырған. Петерборда оқып жүрген қазақ жастарының «Жерлестер» ұйымы да элиталық топ қалыптастырған үлкен алаңға айналды.

Думадан кейінгі өмірінде Шәйкен молда Әлихан Бөкейханның тікелей тапсырмасымен Түркия өтіп, Анадолы жұртындағы қандастарымызға барып, ресми келіссөздер жүргізіп, Түрік баспасөздеріне Патшалық Ресей қысымындағы қазақтың бодандығы туралы оппозициялық сұхбат берген.

Реті келсе, «Архив – 2025» бағдарламасы аясында «Рухани жаңғыру» тарихи сананы негіздеу қамымен Түркияның архивтеріне сұраныс талса, Шаймерден Қосшығұловқа қатысты тұл мәліметтер табылатынына бек сенімдіміз.

Сөз басында Шаймердендей арыс туралы көп болмаса да біраз деректер жазылғанын айттық. Сондай тарихи бағасы зор құнды

«СЕМСЕР» СЫЙЛЫҒЫ ӨЗ ИЕЛЕРІН ТАПТЫ

«Мәдениет» порталы ұйымдастырған жастар арасындағы республикалық «Семсер» әдеби байқауы өз мәресіне жетіп, қатысушылар арасынан үздік шыққан жеңімпаздар анықталды.

Қазылар алқасының шешімі бойынша Гран-При белгілі ақын Ақберен Елгезекке бұйырды. Оған қоса, бас демеуші – ERG компаниясының өкілдері ақынға сақтардан қалған ақ семсерді сыйға тартты. Үздік проза аталымында Нұрлан Хавдай мен Қанат Тілеухан топ жарды. Поэзия жанры бойынша Марлен Мәлікұлы мен Қуаныш Оспаннның мерейі үстем болды. Сондай-ақ, Үздік сын аталымы бойынша Айнұр Найманбай мен Бағашар Тұрсынбай лауреат атанды.

Мағжан Жұмабаев атындағы арнайы жүлде мен «Semser» әдеби сыйлығы Олжас Қасымға, Саттар Ерубаев атындағы



арнайы жүлде мен «Semser» әдеби сыйлығы Мираас Мұқашқа, Сағат Әшімбаев атындағы арнайы жүлде мен «Semser» әдеби сыйлығы Тұрсынбек Башарға тапсырылды.

Мұнан бөлек, «Мәдениет» порталы өз атынан арнайы жүлделермен жас қаламгер Айсұлу Жолтайқызын және «Ұлттық ойсананы типажда бейнелеудегі суреткерлік шешім» атты сын мақаласы үшін Досбол Исламды, ең көп оқылған автор ретінде Фариза Оңғарсынова атындағы арнайы сыйлықпен Ақмарал Талпақованы марапаттады.

Салтанатты кешке ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Алдан Смайыл, жазушы-философ, белгілі ғалым, академик Ғарифолла Есім, Халықаралық спорт журналистері қауымдастығының лауреаты, жазушы Несіп Жүнісбаев, ақын Сұраған Рахметұлы, жазушы Жол-

тай Жұмат-Әлмашұлы, әдебиет сыншысы Амангелді Кеңшілікұлы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының Нұрсұлтан қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы, ақын Бауыржан Қарағызұлы және басқа да белгілі тұлғалар қатысты.

Биылғы «Жастар жылына» арналған байқау ережесіне сәйкес, онлайн өткен бәйгеге еліміздің түкпір-түкпірінен 300-ден астам шығарма түскен. Соның ішінен 220-дан астам жас қаламгердің шығармалары талапқа сай деп танылып, порталда жарияланған. Байқауда 45 жасқа дейінгі қаламгерлер арасынан өзіндік стилін қалыптастырған, өз оқырманы бар танымал ақын-жазушылармен қоса, әдебиет әлеміне енді қанат қаққан жас таланттар да бақтарын сынады.

qazaquni.kz

■ JAŃA KITAP

ТҰҢҒЫШ АГРОСАЛАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖИНАҚ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Елімізде «Дикан қазынасы» атты тұңғыш агросалалық фольклорлық жинақ жарық көрді. Қазақ халқының дикандық-егіншілік, бағбандық дүниетанымына негізделген жинақтың тұсаукесер рәсімі ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің брифинг залында өтті.

Әлеуметтік кәсіпкер, мәдениеттанушы-лингвист Абылайхан Қалназаровтың құрастыруымен баспаға әзірленген жинақты А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы шығарды.

Жиынға құрастырушы-автормен қатар, А.И.Бараев атындағы АШҒӨ бас директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, академик Кенже Абдуллаев пен осы орталықтың қоғаммен байланыс бөлімінің жетекшісі Зейін Әліпбек қатысып, оқырманға берері мол тың туынды турасында әңгіме өрбітті.

Кітаптың ерекшелігі – халық арасында ғасырлар бойы айтылып ұрпақтан ұрпаққа жеткен ауылшаруашылық сипатты салалық



аңыз-әңгімелер мен әфсана-киссалардың, мақал-мәтелдер мен жұмбақтардың енгізілгендігі.

«Осынау еңбектің шығуына қолдау көрсетудегі мақсатымыз – халқымыздың шаруашылық жүргізу мен табиғатты аялауға қатысты танымдық көзқарастарын қалың көпшілікке жеткізу. Сондай-ақ, дәнді дақылдар, жеміс-жидектер мен ағаштардың адамның күнделікті өмірінде зор мәнге ие екендігін әдеби мұрамыз арқылы айқындай

отырып, халыққа ұғынықты етіп жеткізуді көздедік», – деді Кенже Абдуллаев.

Туынды авторы Абылайхан Қалназаров болса, халқымыздың жер баптап, ағаш егіп, егін салуға қатысты мыңжылдық мұраларын жарыққа шығарып, жаппай насихаттаудың маңызы зор екендігін тілге тиек етті.

Зейін Әліпбек ауылшаруашылық өндірушілерінің ғасырлар бойғы өндірістік тәжірибесі көрініс тапқан еңбек еліміздегі тұңғыш агросалалық фольклорлық жинақ ретінде құнды екендігін атап өтті.

«Дикан қазынасына» егіншілік-бағбандық мәдениетіне қатысты тақырыптық фольклорлық материалдар, аңыз-әпсаналар, ертегі-киссалар, мақал-мәтелдер арнайы тарауларға бөлініп топтастырылған.

Жаңа кітап ауыл шаруашылығы саласы қызметкерлері мен сала мамандарына, мектеп оқушыларына, мұғалімдерге, студенттер мен магистранттарға, сондай-ақ, жалпы оқырман қауымға арналып отыр.

qazaquni.kz

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ - «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72	6 ай	қала	2275,44	12 ай	қала	4550,88
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58	6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ

Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН

Бас редактордың орынбасары –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Айнұр АХМЕТ (мәдениет)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Астана тілшілер қосыны:

Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

(8-702-931-89-86)

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Ақмола облысы:

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:

Нұрсұлтан НҰРМАН

(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:

Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:

Жанат АСАНҚАЛИ

(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:

Абдолла ДАСТАН

(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:

Рахат АЛТАЙ

(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:

Сағындық РЗАХИМЕТ (8-775-379-84-88)

Түркістан облысы:

Әбдіғалпал АЙДАП

(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:

Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор –

Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:

Астанада:

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Шымкентте:

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)

дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат

министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.

Күрәлі №13976-Г (Алғашқы күрәлік

№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқа-

расы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайта-

рылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап

береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жа-

салатуы шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары

пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер

орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:

8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com

www.qazaquni.kz

Кезекші редактор –

Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784

ИИК KZ50856000000385541

АГФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында

басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

А – материалдың жариялану ақысы төленген